Сыр бойы

№174 (20248)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 қараша, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

2 «Көгілдір отынға» қосылған ауылдар көбейеді

4 Адал еңбектің ақтангері

5 Баланың жан әлемі – ашылмаған арал

6 Дәстүрлі олимпиада өтті

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

2009 жыл
2008 жыл
2007 жыл
2006 жыл
2005 жыл
2003-2004
2002 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК: 2003-2004 жылдар

Тәуелсіздіктің бір белесі – 2003 жыл тарихта қандай оқиғалармен, жаңалықтармен есте қалды десек, әр саладағы түбегейлі өзгерістер ойға оралады. Қазақстан экономикалық, саяси реформаларды сәтті жүзеге асырып, алдағы үш жыл, яғни 2003-2005 «Ауылды қолдау жылдары» болып белгіленді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

Елдің ішкі жағдайында экономикалық өрлеу байқалды. Жалақы артып, ауылға ерекше назар аударыла бастады. Сондай-ақ мәдени мұраны түгендеуге түбегейлі бетбұрыс жасалды. Демографияны қолдаудың белгісі ретінде бала тууына байланысты бірреттік жәрдемақылар алғаш рет беріле бастағанын айтсақ болады.

Сыртқы саясаттағы, халықаралық аренадағы жетістіктер бір төбе. Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші құрылтайы өтті. Бұған дейін әр бағыттағы дінбасыларының бір жерде бас қоспағанын ескерсек, бұл Қазақстанның басты жетістіктерінің бірінен саналады. Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Тарихи аса қысқа мерзімнің ішінде біз ең шұғыл экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырдық. Біздің өзіміз де өзгердік, біздің пайымымыз да, дүниетанымымыз да өзгерді. Біз ешкімнің де айрықша бір ақыл айтуынсыз-ақ өз еңбегіміз өз игілігіміздің кілтіне айналатынын, ал мемлекеттің осыған қажетті жағдайлар туғызуға тиіс екенін түсіне білдік. Бүгін мен берген уәдемді орындап жатырмын деп ағымнан жарылып айта аламын. Қазақстан экономикасының өсуі біздің басты мұратымыз – халықтың әл-ауқатын арттыруға қызмет етіп жатыр. Менің айтқаным да осы уақыт еді, міне, сол уақыт та келді. Бүгін мен біздің ең жаңа тарихымызда әлеуметтік шығыстарды барынша ұлғайтқанымыз жайында жариялау абыройына ие болдым, біз бұл істі көп ұзамай қолға аламыз, әрі оның игілігі әрбір қазақстандыққа және әр отбасына тиетін болады» деді.

3-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссия отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің салалық орынбасары, тиісті басқарма мен департамент басшылары және қала, аудан әкімдері онлайн режимде қатысты.

Ықтимал төтенше жағдайларға тастүйін әзірлік керек

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Атап айтсақ, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков 2021-2022 жылдардағы ықтимал су тасқынының алдын алу, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеумбетов қыс мезгіліндегі жол қауіпсіздігі шаралары, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Руслан Қайрақбаев «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша ауызсуды залалсыздандыру үшін қауіпсіз реагенттерді пайдалану туралы баяндады.

Облыста су тасқынына қарсы жұмыстарға пайдаланылатын материалдық-техникалық қорлар бойынша барлығы 161,2 тонна жанар-жағармай қоры және 118 700 дана қап сақтауда тұр. Сондай-ақ, 24 720 бау қамыс, 6 350 дана пашын және 4 510 қарабура мен өзге де қажетті материал қоры жасақталған.

Мұса Қалдарбековтың айтуынша, су басу қаупіндегі 5 елді мекені бар Қармақшы ауданы бойынша бензин және дизель отынының қоры небәрі 1,2 тонна ғана, ал, 1 қауіпті елді мекені бар Арал ауданында 5 тоннаны құрайды.

Қызылорда қаласы мен аудандарда тасқын су кезеңінде халықты көшіруге арналған 83 эвакуациялық жинақтау және 102 қабылдау пункті дайындыққа келтірілген. Бүгінгі күнге ҚР ТЖМ «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісім-шартқа сәйкес, 1 тікұшақ дайын. Мұз жару жұмыстарына «Каздриллинг Компани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісім-шарт жасалған. Қорғаныс бөгеттерін жөндеу жұмыстары бойынша өзен бойы жалпы ұзындығы 3,6 шақырымды құрайтын қауіпті деген 5 учаскеде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Облыс әкімі материалдық-техникалық қорлар базасын жеткілікті мөлшерде жинақтап, су басу аймақтарына жақын аумақтарға шоғырландыру жұмыстарын жүргізуді міндеттеді. Әсіресе, мұз ұстасу және көктемгі мұз жүру кезінде дария бойы бекітілген арнайы техникалары бар жауапты мекемелердің қауіпті учаскелерге кезекшілік ұйымдастыруын пысықтауды тапсырды. Сонымен қатар облыс көлемінде су тасқынының алдын алу мақсатында авариялық-құтқару қызметтері мен күш-құралдарының дайындығын үнемі әзірлікте ұстап, 2021 жылдың 30 қарашасына дейін қала және аудан әкімдіктерінің азаматтық қорғау қызметтері мен күш-құралдарының дайындығына және материалдық қорларына тексеру жұмыстарын ұйымдастырып, нәтижесін баяндау қажет екенін ескертті.

Жиында жауапты басқармаларға биылғы 12 қарашаға дейін Арал, Қазалы, Қармақшы және Жаңақорған аудандары аумақтарында қауіпті болып анықталған 5 нысанның жөндеу жұмыстарының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу және қалпына келтіру жұмыстарына қаржы бөлуге облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бюджеттік өтінім жолдау және қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

2-бет

СҰХБАТ

«Менде Президентке тікелей телефон шалуға мүмкіндік бар»

Мемлекет басшысының баспасөз хатшысымен сұхбат

Tengrinews.kz тілшісі Ботагөз Айтжанованың Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәлимен сұхбаты ұсынылып отыр.

Сұхбатта Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Pfizer вакцинасын жеткізу, антиваксерлер, Кабулдағы қазақстандық дипломаттарды неліктен сонда қалдыру ұйғарылғаны, Тоқаев пен Путин Мәскеуде не туралы сөйлескені және Президенттің Twitter-парақшасын кім жүргізетіні және де өзге сұрақтарға жауап береді.

– Берік Уәлиұлы, Президенттің Баспасөз хатшысы қызметіне қалай келдіңіз?

– 2019 жылғы наурызда Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалар болғанын білесіздер. Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтатып, лауазымын Қасым-Жомарт Тоқаевқа беру туралы шешімін жариялады. Бұл жайтты естігенде өз басым абдырап қалдым.

Мен ол кезде Жамбыл облысының ішкі саясат басқармасының басшысымын. Дәл сол күні елордада іссапармен жүрген едім. 20 наурызда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының алдында ант қабылдады. Оны тікелей эфирден көрдік. Сол күні іле-шала маған Президент Әкімшілігінен хабарласып, Ақордаға мүмкіндігінше тезірек келуімді сұрады. Дәл сол сәтте Сарайшық көшесінің бойымен Президент резиденциясының жанындағы көпірден өтіп бара жатқан едім. Бұл уақытта Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада басқа мемлекеттердің басшыларымен телефон арқылы сөйлесіп, Премьер-Министр, Сенат пен Мәжіліс төрағаларын, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшыларын қабылдап жатыр екен. Президент Әкімшілігінің сол кездегі басшысы Әсет Исекешев бүгін Мемлекет басшысы мені қабылдайтынын айтты. Қасым-Жомарт Кемелұлымен қысқа ғана сөйлестік. Бірден алғашқы тапсырмалар берілді деуге де болады.

Мемлекет басшысы бірден Түркістан қаласына алғашқы жұмыс сапарына дайындалу керек екенін айтып, қызметіме табыс тіледі.

– Президенттің Баспасөз хатшысының міндеттері қандай?

– Менің негізгі міндетім – Мемлекет басшысының қызметін және оның қатысуыменөтетініс-шаралардыақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету. Баспасөз қызметі Президенттің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялап көрсету жөнінде ауқымды жұмыс жүргізеді. Президенттің қазіргі және алдағы қызметтеріне қатысты, оның ішінде Мемлекет басшысының ішкі және сыртқы саясаттағы ұстанымдарын айқындайтын материалдарды әзірлейміз. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға, әлеуметтік желілердегі маңызды әрі резонанс тудырған жазбаларға мониторинг жасаймыз.

3-бет

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ КҮНІ

Электр энергиясыз әлем не болар еді?

Әлемдегі өндірілетін барлық электр энергиясы кенеттен жоғалып кетті делік. Елестетіп көріңіз. Найзағай, басқа да барлық табиғи электромагниттік құбылыстар сол қалпында қалғанымен, біз өнімін тұтынатын электр станцияларынан бастап, шағын батареяларға дейін жойылып кетсе не болар еді?

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Қазір адамзаттың электр энергиясына тәуелділігі сонша, бір күннің ішінде жарық пен коммуникацияның барлық түрлері, көлік атаулы тоқтар еді. Сонымен бірге байланыс, интернет желісі жоғалады. Келесі күні барлығы дүниежүзілік банк жүйесінің күйрегеніне көз жеткізеді. Өйткені әлемдегі барлық ақша айналымы электр қуатымен жұмыс істейтін ақпараттық технологияларға тәуелді.

Әлемдегі барлық компьютерлерде сақталған нақты және архивтелген құнды деректер, әскери құпиялар мен соңғы өзекті ақпараттар жойылады. Тұрмыстық техника әп-сәтте керексіз қоқысқа айналады. Төлем түрлерінің барлығын жасау мүмкін емес болады. Медициналық құрал-жабдықтар жұмыс істемей қалған соң, дүние жүзіндегі барлық дәрігер қызметін тоқтатады.

Көп ұзамай халық шоғырланған жерлерде қылмыс өршіп, дүкендердің барлығы тоналады. Билік жағдайды бақылауда ұстай алмай, қалалар қаңырап бос қалады. Адамдар ауылдық жерлерге көшеді. Сіріңке, оттық, керосин шамдары, пештер, отын мен көмір ең қымбат ресурсқа айналып, тіпті солар үшін талас басталады.

5-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

Елімізде 22 қарашада ревакциналау басталады. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой айтты.

Ревакциналау басталады

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика халқын иммундау жөніндегі консультативтік комиссиясының ұсынысына сәйкес, бұған дейін халықты ревакциналау тәсілдері баяндалған болатын. Науқан 22 қарашада екі кезеңмен басталады, – деді министр.

Оның айтуынша, ең алдымен, халықтың тәуекел тобына кіретіндер өтеді.

– Бірінші кезекте тәуекел тобына кірген адамдардың екпе алғанын, яғни, бірінші вакциналау мерзімі ескеріледі. Жыл соңына дейін халықтың әлжуаз тобы ревакциналаудан өтеді. Олар – медицина қызметкерлері, педагогтер, медициналық-әлеуметтік мекеме қызметкерлері мен контингенті, жабық балалар мекемелері, күштік құрылым қызметкерлері,– деді ол.

Ал келер жылдың басынан жаппай жүргізіледі.

Министрдің мәлімдеуінше, 60 жастан асқан адамдар, сонымен қатар COVID-ке қарсы антиденеге арналған тесттің теріс нәтижесі бар және зерттеуден өз бетінше өткендер белгіленген мерзімсіз-ақ ревакциналауға жіберіледі. Алғашқы жаппай вакциналау сәуір айында басталғанын ескерсек, бірінші вакциналауды және толық курсын аяқтаған соң 6-9 айдан кейін еліміздің барлық азаматы келер жылдың басынан егіледі. Осыған орай министр бірінші кезеңді аяқтаған және ревакциналау уақыты келген барлық қалған адамдар өтетінін айтты.

Мамандардың айтуынша, бізде вакцинаның екі түрі бар – векторлық және инактивтендірілген. Sputnik V – векторлық вакцина, ал қалғандарының барлығы инактивацияланған. Векторлық вакцина алған адамдарға тоғыз айдан кейін белсенді емес вакцинаны, яғни, Vero Cell мен QazVac алу, ал кез келген инактивацияланған вакцина алғандарға алты айдан кейін Sputnik V векторлық вакцина алу ұсынылады.

«СБ» ақпарат

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазына қайнарынан қанып ішкен

«Тұлпар мініп, ту алған!» республикалық байқауының облыстық кезеңі мәресіне жетті. «Достық үйінде» өткен іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова қатысты.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Айтулы шара биыл Сыр елінде екінші рет өтіп жатыр. «Алпамыс батыр» дастанынан басталған жоба былтыр «Қобыланды батыр» жырына жалғасты. Биыл «Едіге батыр» жырын жатқа айту бойынша өткізіліп отыр. Байқауды «Qazaq Epos» қоғамдық қоры «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы, облыстық білім басқармасымен бірлесіп ұйымдастыруда.

Байқаудың облыстық кезеңінің ашылуында «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ләйлә Төрешова және облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

6-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Мүгедектер мәселесі қатаң бақылауда

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен мүгедектігі бар азаматтарға әлеуметтік қорғау шараларын үйлестіру кеңесінің отырысы өтті.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова, облыс әкімінің мүгедектер істері жөніндегі кеңесшісі Нұрмұрат Ерманов, облыстық мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Жұмаділдаев, «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры Жандос Тұсмағамбетов, «Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәкен Алдашбаев және I топ мүгедегі, белсенді азаматтар Сағатбек Сиюов пен Александр Ульяновский қатысты. Сондай-ақ, тиісті салалық басқарма мен департамент басшылары және онлайн режимде қала, аудан әкімдері ортақ мәселелерді талқылады.

Облыс әкімі мүгедектігі бар азаматтар үшін қолайлы орта құру, оларды әлеуметтік қолдау және оңалту бағдарламаларының орындалуы бойынша саралап, жауапты сала басшыларының есебін тыңдады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мүгедектігі бар адамдар мен жүріп-тұруы шектеулі басқа да азаматтар үшін «есіктен есікке дейін қағидаты» бойынша кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету шараларын қабылдау міндеттерін қойды. Бұл бағытта мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан, барлық мекемелер тиісті жұмыстарды атқарса да, кемшіліктер бар. Мәселен, өзім қаладағы мемлекеттік және мемлекеттік емес бірнеше нысандарды аралап көрдім, пандустардың өзі нормативтерге сәйкес келмейді, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы атап өткендей, мүгедектігі бар жандарға арналған пандустардың орнатылуы көп жағдайда сын көтермейді. Мұндай келеңсіздіктерге жол бермес үшін нысандарды қабылдауда үкіметтік емес ұйымдар мен ерекше күтімді қажет ететін адамдарды қатыстыру керек.

Басқарма басшысы Гаухар Қалмақова мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту мәселелері және өткен жылы әзірленген мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету, тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Жол картасының орындалу барысына тоқталды.

Ал Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаевтың айтуынша, облыс орталығында 2021 жылға жоспарланған 34 нысан толығымен ұлттық стандарттарға сәйкестендірілген және мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында тізімдік санына қарай 2-ден 4 процентке дейінгі мөлшерде квота бекітілген.

Өңірде қараша айынан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Ten Qogam» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылатын болады. Жоба аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға әлеуметтік, құқықтық, психологиялық көмек көрсету, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, өз ісін бастауда кәсіпкерлікке баулу, әлеуметтік дағдыларды үйрету шараларын іске асыру жоспарланған.

Жиын барысында басқарма басшылары мен аудан әкімдері облыс аумағында әлеуметтік маңызды нысандардың мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімділігін бейімдеу жұмыстарын да баяндады.

Ортақ мәселелер талқыланған жиында Сағатбек Сиюов пен Александр Ульяновский мүгедек жандардың қала ішіндегі әлеуметтік нысандарда жүріп-тұру қозғалысы, пандустардың ыңғайлылығы, нысандарды пайдалануға беру ісіндегі комиссияға мүгедектігі бар адамдарды қосу мәселелерін көтерді.

Кеңес отырысын қорытындылаған облыс әкімі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, мүгедектігі бар адамдарды оңалту бағытындағы жұмыстарды үйлестіруді және әлеуметтік қызметтер порталын қолдану бойынша мүгедектігі бар азаматтарға түсіндірме жұмыстарын күшейтуді міндеттеді. Сондай-ақ, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына мүгедектігі бар адамдар мен жүріп-тұруы шектеулі басқа да азаматтар үшін қолданыстағы және жаңадан салынатын тұрғын үйлерді, қоғамдық ғимараттарды бейімдеу жұмыстарын жүргізу, қала және аудан әкімдеріне мүмкіндігі шектеулі азаматтарды арнайы көлікпен қамту және жұмысқа жарамды мүгедектігі бар адамдарды тұрақты жұмыс орнымен қамтылуына жағдай жасауды тапсырды.

Бұл тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменоваға жүктелді.

Айта кетейік, өткен айда облыс әкімі белсенді жас Сағатбек Сиюовпен Қызылорда қаласында бірқатар нысанды аралап, олардың мүгедектігі бар азаматтар үшін қолжетімділігін тексерген болатын. Облыс көлемінде 30 мыңнан астам ерекше күтімді қажет ететін адам бар болса, оларға қолайлы орта қалыптастыру мен тең мүмкіндік тудыру басты назарда болатынын айтқан еді.

БРИФИНГ

Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев өткен 9 айдағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты жаңалықтарды бөлісті. Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте аудан басшысы жоспарлы бюджеттің тағы да артқанын айтты. Мысалы, жыл басында аудан бюджеті 21,6 млрд теңге болып бекітілсе, 9 айда 22,9 млрд теңгеге жеткен.

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

«Көгілдір отынға» қосылған ауылдар көбейеді

Кәсіпкерлігі қарқынды Қазалы осы сала бойынша 12,6 млрд теңгенің өнімін өндірген. Жыл басынан есептесек, 723 адам түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында 2,9 млрд теңге қайтарымсыз грант пен несие алыпты. 13 кәсіпкерлік нысан пайдалануға беріліп, 63 адам жұмысқа тұрған.

– Жаңа өндіріс орындарын көбейту мақсатында ашылған «Өндірістік аймақта» 6 жоба жүзеге асуда. Бұл аумаққа газ желісін тарту үшін жоба-сметалық құжат әзірленген еді. Оған аудандық қазынадан 1,7 млн теңге ақша бөлдік. Бұдан бөлек, жоспарда тағы төрт жобамыз бар. Олар – балық қалдықтарынан жем шығару, азықтүлік және балық сақтайтын қоймалар. Жалпы биыл ауданда іске асуы тиіс 18 жоба жоспарға енген. Барлығының құны 979 млн теңгені құрайды. Осының аясында 100-ге жуық тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтуға болады. Жаңа айтылған 18 жобаның ішінде 15 жоба жүзеге асырылды. Қалған үшеуі, яғни, сауда үйі, мал бордақылау алаңы және «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жолындағы сервистік кешен жыл соңына дейін пайдалануға беріледі, – деді аудан әкімі М.Оразбаев.

Қазалы – ауыл шаруашылығына бейім өңір. Құрғақшылыққа қарамастан, биыл 6587 гектар күріш егілді. Әр гектарынан 44,9 центнер өнім жиналып, қамбаға 29,5 мың тоннадан астам астық құйған. Жыл қорытындысымен жеңімпаздар қатарынан көрініп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін биыл екінші рет қатарынан «Озат аудан» номинациясымен марапатталып отыр.

Сондай-ақ, атакәсіпті дамытуға ұмтылғандар көп. Төрт түлікте өсім байқалады. Мал шаруашылығымен дендеп айналысып жүргендердің арасында мемлекет көмегін алғандар бар.

Қазалыда жер кезегіне тұрушылар жылдан-жылға артып келеді. Аудан басшысы белгіленген аймақтың инженерлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі басты назарда екенін жеткізді.

– Бүгінде инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген учаскелерден 306 адамға жер берілді. Аудан бойынша жер алу үшін 11018 тұрғын кезегін тосуда. Сондай-ақ, баспанаға мұқтаж 1612 азамат бары анықталды. Биыл аталған мәселені шешу үшін жалға берілетін үйлерді сатып алуға 388 млн теңге қаржы қаралды. Бұған көлемі 60 шаршы метрден кем болмайтын 35 тұрғын үй сатып алу жоспарлануда. Ал былтыр бюджеттен қаржы бөлініп, Әйтеке би кентінен бір қабатты 4 пәтерлі 10 тұрғын үй салынғанын білесіздер. Қазір ауызсу, газ, жарық беру жұмыстары толығымен аяқталды, абаттандыру жұмыстары осы ай соңында бітеді. Бұл үйлер «Отбасы банктің» өз пилоттық жобасы аясында табысталатын болады, – дейді аудан басшысы.

Аудан бойынша Әйтеке би кенті мен Ғ.Мұратбаев ауылы «көгілдір отынның» игілігін көруде. Мұхтар Әуесұлының айтуынша, қазір Қазалы қаласын газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Келесі жылға өтпелі болса да бұл жұмыс жыл соңына дейін аяқталып, қалаға газ берілмек. Жалаңтөс батыр, Қ.Пірімов және Басықара ауылдарын газдандырудың жоба-сметалық құжаттары дайындалып, сараптама қорытындысын алу үшін 22,6 млн теңге бөлінген.

– Кейінгі жылдары ауыл арасындағы жолдар мен елді мекенішілік көшелердің жағдайы жақсарып келеді. Былтыр бөлінген 3,1 млрд теңгеге аудандық маңызы бар 50 шақырым жол мен елді мекенішілік 40 көше жөнделеді. Қазір Әйтеке би кентінен 19, Қазалы қаласынан 10 көшеге жол құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек, ауылдық округтерде 11 көше қайта жаңғыртылып жатыр. Осы айтылған көшелердің ішінде 27 көшені пайдалануға бердік. Ал былтыр басталған қала мен кенттің екі аралығындағы жолды кеңейту жұмыстары тоқтамайды. Нысан келесі жылға өтпелі, қазір 2 темір-бетон көпір мен 2 су өткізгіш құбыр қайта жаңғыртудан өткізіліп, жолдың негізгі қабаты төселуде, – деді аудан әкімі.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тапсырысымен «Қарлан» көпірінің жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Республикалық бюджеттен құрылыс жұмыстарын бастауға қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары басталып кеткен.

Аудан бойынша 4 млрд теңгеге 12 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде 6 құрылыс өз межесіне жеткен. Көп ұзамай бұл құрылыстар халық игілігіне айналмақ.

Электр қуатында іркіліс болмайды

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова энергетика саласындағы өзекті мәселелер бойынша отырыс өткізді. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешев, облыс әкімінің аппарат басшысы Ерлан Райғаниев, Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Ерлан Жаңабаев, облыс бойынша табиғи монополияларды реттеу департаментінің басшысы Гүлмира Өтегенова және энергетика саласындағы мекеме басшылары қатысты.

Отырыста негізгі мәселе ретінде республиканың оңтүстік өңірлеріндегі электр энергиясының жетіспеушілігі талқыланды.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Ерлан Жаңабаев орын алған шектеулер бойынша ахуалды баяндады.

Бүгінгі күні өңірдің жалпы электр энергиясын тұтыну көлемі 172 мегаватты құрайды. Оның 51 мегаваты «Қызылординжылуэлектрорталығы», 10 мегаваты «СКЗ-U» серіктестігі арқылы өндіріліп, қалған 111 мегаваты сырттан жеткізіледі.

Соңғы күндері облыс бойынша тәулігіне орташа есеппен 30-50 мегават аралығында электр энергиясының жетіспеушілігі орын алды. Салдарынан күнделікті кешкі сағат 6-дан 8-ге дейін тұтынушыларға электр энергиясы шектеліп берілген.

Осыған байланысты Энергетика министрлігі Жамбыл ГРЭС-нің 3 және 4 блогын іске қосуға шешім қабылдады. Алдағы уақытта оңтүстік өңірді оның ішінде Қызылорда облысын электр энергиясымен толықтай қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұл ретте аймақтағы энергиямен жабдықтаушы ұйымдар Жамбыл ГРЭС-мен электр энергияның қажетті көлемін алуға қосымша келісім-шарт жасады. Ендігі кезекте өңірде жарыққа қатысты шектеулер тоқтатылады.

Облыс басшысы энергия жабдықтаушы ұйымдар ұсынған электр энергиясының шекті бағасына өтінімді Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облысы бойынша департаменті арқылы қарап, тиісті ұсыныстар енгізу қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ, электр энергиясы туралы тұрғындар арасында туындаған шағымдарды ескеріп, нақты түсіндірме жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

– Тұрғындар электр энергиясынан тапшылық көрмеуі керек. Қажетті келісімдер мен нақты механизмдерді қабылдау – міндеттеріңіз. Жетіспеушілік болған жағдайда электр тарату мекемелеріндегі резервтік ресурстарды пайдаланып, амал-әрекет жасалу қажет. Жылу маусымы кезінде тұрғындар жарық пен жылудан қиындық көрмеуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен коммуналдық мекеме басшыларына бірлесіп жұмыс жасау, жылу беру маусымының тұрақты өтуін қамтамасыз ету тапсырылды.

Ықтимал төтенше жағдайларға тастүйін әзірлік керек

Қыс мезгіліндегі жол қауіпсіздігі туралы баяндаған Мұрат Тілеумбетов облыс бойынша республикалық және жергілікті маңызы бар автожолдарда ықтимал төтенше жағдайларды жоюға барлығы 157 бірлік әртүрлі техника және 118 бірлік қуаттылығы әртүрлі автономды электр көздері әзірлікке келтірілгенін айтты.

Ал, республикалық маңызы бар жолдардағы қыс мезгілінде болуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жою мақсатында 7,2 тонна бензин, 21,7 тонна дизель отыны әзірленсе, жергілікті маңызы бар жолдарға әзірленген жанар-жағармайдың қоры 2,7 тонна бензин, 7,5 тонна дизель отыны, 0,8 тонна мотор майын құрайды. Дайындалған инертті материалдар: 270 тонна тұз аралас құм, 49 тонна тұз, 466 тонна құм. Жалпы облыс аумағындағы 13 жылыту пункті жұмыс жасайды.

Республикалық маңызы бар автожолдардағы өзекті мәселелердің бірі – «Қызылорда-Жезқазған-Павлодар» автожолындағы байланыстың болмауы. Аймақта қар басып қалатын 4 учаске анықталған, оның жалпы ұзындығы 31 шақырымға жуық.

Облыс әкімі облыстық полиция департаментінің бастығы Бектөре Сұлтанға жолдың жабылғандығы туралы дабылды ескерту алысымен, санатына қарамастан көлік құралдарының жолға шығуына қатаң түрде шектеу қоюды қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, жауапты сала басшыларына ауа райының бұзылуы кезінде төтенше жағдайлар қатері туындаған жағдайда жолаушылар көліктерінің қалааралық бағытта жолға шығуына шектеу қоюды, 2021-2022 жылдардың күз және қыс айларында республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы жолдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көктайғаққа қарсы материалдар, жанар-жағармай және жылыту құралдарының жеткілікті қорын жасақтауды тапсырды. Мұнан бөлек, облыс аумағынан өтетін республикалық маңыздағы жолдар бойында жылыту пункттерінің өз деңгейінде жұмыс жасауын қадағалауды міндеттеді. Ал, қыс мезгіліндегі төтенше жағдайларда зардап шеккендерге дер кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету үшін денсаулық сақтау нысандарын әзірлікке келтіру және күрделі метеожағдайдағы қарлы борандарда зардап шеккендерге көмек көрсету үшін азық-түлік, киім-кешек және жанар-жағармай материалдары қорын осы жылдың 30 қарашасына дейін жасақтау да маңызды міндет болып саналады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

КОНФЕРЕНЦИЯ

Қоршаған орта тың идеялармен жанданады

Өткен ғасырдың 60-жылдары басталған Арал теңізінің проблемасы әлем жұрты алаңдайтын өзекті мәселеге айналды. Экологиялық дағдарыс салдарынан Арал өңірінде адамдардың денсаулығы күрт төмендеп, аурушаңдық белең алды.

Аралды құтқару әлемді құтқарумен пара-пар мәселеге келді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ Арал проблемасын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ашық айтып, әлем елдерінің назарын аударды. Мәселенің өткір екендігін Орта Азия елдерінің басшыларына түсіндіріп, бірлесе шешуді үндеп, Президенттердің басын Қызылорда қаласында қосты. Соның нәтижесінде Кіші Аралды сақтап қалудың идеясы – САРАТС жобасы дүниеге келді. Жобаның алғашқы кезеңін жүзеге асыру нәтижесінде кіші теңізде тіршілік жанданды. Балық шаруашылығы қайта дамыды.

Кеше облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жахановтың қатысуымен өткен «Қызылорда облысындағы экология және табиғат пайдаланудағы өзекті мәселелер» атты конференцияда бірқатар мәселелер талқыға түсті.

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Б.Жахановтың атап өткеніндей, бүгінгі күнге дейін құрғаған теңіз табанында фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде 195 мың гектар жерге сексеуіл егілген.

– Бірақ бұл әлі аз. Үкімет басшысының тапсырмасына орай, өңірдегі экологиялық жағдайды одан әрі жақсарту мақсатында алдағы бес жылда оның ауқымын 1 млн гектарға жеткізу жоспары бар. Биылғы жоспарға сәйкес 100 мың гектар жерде сексеуіл егілетін болады, – деді облыс әкімінің орынбасары.

«Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі төрайымы Анар Ізден «15» экологиялық ҮЕҰ клубы» жобасы аясында облыс әкімдігі мен аталған бірлестік меморандумға қол қойылғанын мәлімдеді. Сондай-ақ, жоба презентациясы жасалып, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, экологиялық бағдарламалар, Қазақстанда қолданыстағы экологиялық стандарттарды реттейтін нормалар бойынша мемлекеттік органдардың басшылары мен қызметкерлерінің біліктілігі мен құзыреттілігін анықтау, кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсеріне байланысты мәселелерді бірлесіп шешуге бағытталған жұмыс жоспары талқыланғанын жеткізді.

Конференцияға онлайн режимде қатысқан «Necо» экологиялық клубының басшысы, Қостанай облысының экобелсендісі Наурызбек Бірмағамбетовтің айтуынша, аталған қор жылыжай өндірісін іске қосуға бағытталған жобаға Қостанайдың Первомайское елдімекенінен 200-ге жуық тұрғынды жұмылдырған. Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының гранттық көмегімен ауыл тұрғындары бүгінде көкөніс өсірудің бірегей технологияларын меңгеріп жатыр.

Ақтөбелік «Eco Network» компаниясының басқарушы директоры және экоконсультанты Айман Сексенова өз кезегінде «Қазақстандағы экологиялық мәселелерді шешудегі қарапайым қадамдар» жобасы бойынша экологиялық сенбіліктер ұдайы ұйымдастырылып келе жатқанын хабарлады.

Конференция барысында сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті инженерлік-технологиялық институтының директоры Гүлзат Асқарова «Қоршаған орта сапасының адам денсаулығына әсері» туралы, «Қамыстыбас су тұтынушылар қоғамы» қоғамдық бірлестігі төрағасы Алдаберген Исаев «Қызылорда облысындағы су тапшылығы мәселесі» бағытында баяндама жасады.

Конфереция қатысушылар өңірдегі экологиялық мәселелерді талқылап, оларды шешу жолдары бойынша ұсыныстар айтты. Конференция қорытындысымен үкіметтік емес ұйымдардың экологиялық бағыттағы әлеуметтік жобаларына қолдау көрсету, Белкөл кентінде тазаланбаған кәріз суын төгу арқылы қоршаған ортаны ластап, атмосфералық ауадағы зиянды заттардың артуын болдырмау бойынша шаралар қолдану туралы ұсыныстар берілді. Сонымен қатар облыстық мекемелерге, мектеп, балабақшаларға қағаз, пластик қалдықтарын бөлек жинауға арналған экобокстарды орнату бойынша шаралар қабылдау, тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауды, өңдеуді, пайдалануды және кәдеге асыруды ұйымдастыру, қалдықтарды бөлек жинауға арналған жүйенің инфрақұрылымын дамытудың өзге қалалардағы тәжірбиені ескеру жайы да ұмыт қалмады.

Конференцияға қатысушылар азаматтық қоғам институттары өз қызметін өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтауға бағыттайтынына сенім білдірді.

«Менде Президентке тікелей телефон шалуға мүмкіндік бар»

Мемлекет басшысының баспасөз хатшысымен сұхбат

– Жұмыс барысында Қасым-Жомарт Тоқаевтың сізді сынаған кезі болды ма?

– Иә, жұмыс барысында әртүрлі кемшіліктерге байланысты Президенттің Баспасөз хатшысы ретінде маған және жалпы Баспасөз қызметінің жұмысына көңілі толмай, бірнеше рет телефон шалған кезі болды. Бірақ, Мемлекет басшысы істің анық-қанығын түсіндіруге әрдайым мүмкіндік береді. Бұл өте маңызды. Менде Қасым-Жомарт Кемелұлына тікелей телефон шалуға мүмкіндік бар және ол кісі әрқашан да менің қоңырауыма жауап қатады.

– Яғни, сіз Президентпен жиі байланыс жасай аласыз ғой?

– Әрине. Ондай мүмкіндік бар. Бұл жөнінде бұрын да айтқанмын. Тәуліктің қай мезгілі екеніне қарамастан, Президент менің барлық ой-пікіріме жауап қатады.

– Президент Сізге тапсырмаларды қалай береді?

– Мемлекет басшысы ауызша да, жазбаша да тікелей тапсырма береді. Көбіне смартфон арқылы тапсырма аламын.

– Президенттің Twitter әлеуметтік желісін кім жүргізеді? Әсіресе хабарламалар кейде түнгі уақыттарда шығады...

– Мемлекет басшысы тәуліктің қай мезгілі екеніне қарамастан, Twitter желісін өзі жүргізеді. Соңғы кездері Президенттің аталған аккаунттағы белсенділігі біршама бәсеңдегенін байқаған боларсыздар деп ойлаймын. Бұл, ең алдымен, оның жұмыс кестесінің өте тығыздығына, жұмысбастылығына байланысты.

Әрине, Қасым-Жомарт Кемелұлы Twitter әлеуметтік желісіне қатысты жұмыстарды баспасөз қызметіне тапсыруына да болар еді. Бірақ Мемлекет басшысы жеке аккаунтын толықтай өзі жүргізуді жөн санайды.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент ретінде бірінші сұхбатын ресейлік журналист Алексей Пивоваровқа берді...

– Менің білуімше, Қасым-Жомарт Кемелұлы Мемлекет басшысы болғанға дейін де Алексей Пивоваровты жақсы танитын. Мүмкін, Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің Президенті болып сайланғаннан кейін шетелдік ақпарат құралдары өкілдеріне арналған алғашқы сұхбатын беру жөнінде өзара қандай да бір келісім болған шығар. Меніңше, сұхбаттың мазмұны Мемлекет басшысының көңілінен шыққаған. Сондықтан сұхбат жазылған таспа тек бірнеше айдан кейін ғана жарияланды.

– Instagram желісінде Президенттің аккаунты жиі тәгтеледі. Оны кім қадағалайды?

– Іс жүзінде Президенттің Баспасөз қызметінің барлық қызметкері әлеуметтік желілерді қадағалап отырады. Әлеуметтік желілер мен БАҚ-қа мониторинг жүргізу міндеті жүктелген қызметкерліміз бар. Егер өзекті мәселелер, түйткілді проблемалар, биліктің іс-әрекетіне айтылған сындар, жақсы аналитикалық мақалалар, сондай-ақ нақты ұсыныстар болса, олардың бәрін жинақталған топтамаға қосып, басшылыққа жолдаймыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы материалдардың бәрін оқитынын, кей жерлеріне белгі қоятынын, көбінесе ведомство басшылары мен әкімдерге тиісті тапсырма беретінін нақты айта аламын. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударушы азаматтарға арналған үйлердің сапасыз салынуына, сондай-ақ жуырда ғана Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Қалжыр өзенінің экологиялық жағдайына назар аударды. Мұндай мысалдар көп. Президент елімізде және әлемде болып жатқан оқиғаларды ешқашан назардан тыс қалдырмайды.

Президенттің Instagram әлеуметтік парақшасына 2 миллионға жуық азамат тіркелген және олардың бәрі нақты адамдар. Олар Президенттің аккаунтын үнемі тәгтеп-белгілеп отырады, біреулер шағымданса, енді біреулері жеке мәселесін айтып жатады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыстарын жаудыратындар да өте көп.

– Президент үшін жинақталатын топтама туралы айтып қалдыңыз. Жаңалықтар топтамасын кім дайындайды?

– Мемлекет басшысы Қазақстандағы және шетелдегі оқиғалар жөніндегі мәліметтерді әртүрлі қызмет салалары арқылы, оның ішінде Қауіпсіздік Кеңесінен күн сайын алып отырады. Сонымен қатар, Президенттің өзі де мерзімді басылым болсын, интернет материалдары болсын көп оқиды. Ол кісіні әлемде болып жатқан оқиғалардан үнемі хабардар деп айтуға болады. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлын мағлұматы мол, көп оқитын Мемлекет басшысы десек, артық айтқандық емес. Ол ой-өрісі өте кең тұлға.

– Бастапқы кезде Әлеуметтік желілерде Президенттің барлық суреті Photoshop арқылы өңделеді деген сияқты Баспасөз қызметіне сын айтылды. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жайттан хабардар ма?

– Әрине, Президент оқырман ретінде өз қызметінің әлеуметтік желілерде талқыланатынын біледі... Бірақ Мемлекет басшысы мұндай нәрселерге көп көңіл бөлмейді.

Ал Photoshop мәселесіне келер болсақ, оны пайдаланған күннің өзінде барынша аз қолданылады.

– Президентпен бірге болған қай сапар ерекше есте қалды?

– Жұмыс сапарлары болсын, шетелдік сапарлар болсын – бәрі есте қалады. Бірақ өзіңіз айтып отырғандай, ерекше есте қалатын сапарлар да болады. Әрине, менің Президентпен бірге шыққан алғашқы сапарым – рухани астанамыз, еліміздің тарихи орталығы Түркістан қаласы. Маңғыстау облысына, Ұлытауға, Жидебайға жасаған сапарларымыз ұмытылмайды. Бәлкім, ол жерлердегі киелі орындардың тылсым аурасы әсер еткен шығар. Осы ретте, Мемлекет басшысының БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясына қатысу үшін барған сапарын ерекше атап өткім келеді. Сонда басқа шет мемлекеттер басшыларының Қасым-Жомарт Кемелұлына деген құрметі анық байқалды. Сессиялар арасындағы үзілістерде БҰҰ-ның кейбір қызметкерлері Президентке сәлем беріп, ілтипаттарын білдірді. Мюнхенде өткен қауіпсіздік жөніндегі халықаралық конференцияда да осындай бір шынайы ықылас көрініп тұрды.

Сонымен қатар Арыс қаласына барған шұғыл сапарды ерекше атап

өткім келеді. Президент жарылыстар туралы білген бойда бірден: «оқиға орнына баруға дайындалыңдар», – деді. Арыста жарық, байланыс болған жоқ, снарядтар жарылысы әлі де тоқтамаған. Соған қарамастан Мемлекет басшысы оқ өткізбейтін кеудеше киюден үзілдікесілді бас тартты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарылыс аумағынан шығарылған тұрғындармен кездескен сәтін смартфонға түсірдім де, ұялы байланыс болған кезде бірден желіге жүктедім.

Президенттің жұмыс кестесіндегі бір күн, яғни 2019 жылғы 16 мамыр ерекше есте қалды. Сол күні Мемлекет басшысының қатысуымен бірнеше кездесу болды. Көпшілік Президенттің бес бірдей тілді: қазақ, орыс, қытай, ағылшын және француз тілдерін меңгергенін біледі. Әйтсе де, олар Қасым-Жомарт Кемелұлының бір күнде бес тілде сөйлегенін көрген жоқ. Президенттің бұл қасиеті мені қатты таңғалдырды.

– Президент Жамбыл облысында болған жарылысты қалай қабылдады?

– Мемлекет басшысы мейлінше сабырлы, салқынқандылықпен қабылдады деп айтуға болады. Дегенмен, Президент бұл оқиғаның көңіліне қаяу түсірген, жағымсыз жаңалық болғанын жасырған жоқ. Қасым-Жомарт Кемелұлы барлық салалық ведомство басшыларының қатысуымен бірден шұғыл кеңес өткізді. Онда аталған оқиғаның салдарын жою жөнінде тиісті тапсырмалар берілді.

– Жарылыстан кейін Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев қызметінен босату жөнінде өтініш берді...

– Иә, Мемлекет басшысы Қорғаныс министрінің қызметінен босату жөніндегі өтінішін ешқандай эмоциясыз, жұмыс бабындағы мәселе ретінде қабылдады. Өзара жабық әңгіме болды. Содан кейін Нұрлан Ермекбаевтың Қорғаныс министрі қызметінен босатылғаны туралы Жарлық баспасөзде жарияланды.

– Ауғанстандағы қалыптасқан ахуалға байланысты көптеген шет мемлекеттің өкілдіктері дипломаттарын алып кетті. Ал, Қазақстан дипломаттары өз орнында қалды. Неге?

– Кәсіби дипломат ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Ауғанстанның қазіргі әкімшілігі билік басына ұзақ уақытқа келгенін түсінді. Бұған АҚШ бастаған халықаралық коалицияның әскери күштерінің Ауғанстаннан күтпеген жерден кетуі түрткі болды. Сондықтан осы елдің жаңа әкімшілігімен арадағы байланыстарды, ең алдымен, қауіпсіздік және гуманитарлық көмек алмасу мәселелері жөніндегі қарым-қатынастарды сақтау мақсатымен Кабулдағы елшіміз бастаған қазақстандық дипломаттарды шағын құрамда қалдыру туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта Ауғанстан билігімен арадағы байланыстар мейлінше орнықты. Жақында Президенттің тапсырмасы бойынша Мемлекет басшысының арнаулы өкілі Ержан Қазыхан Кабул қаласында болып, Қазақстанның осы елге гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі шешімін Ауғанстан басшылығына жеткізді.

– Тамыздың аяғында Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен Мәскеуде кездесті. Президенттер бұл кездесуде не туралы әңгімелесті?

– Мемлекет басшысы Мәскеуге Ресей Президентінің шақыруымен барғанын айта кеткен жөн. Олар Кремльде екі сағаттан астам уақыт бетпе-бет келіссөз жүргізді. Бұл келіссөзде айтылған мәселе, негізінен, бұқаралық ақпарат құралдары үшін жабық болады деген уағдаластық бар болатын. Дегенмен, екі ел басшыларының Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық ынтымақтастыққа, сондай-ақ қазіргі геосаяси жағдайға қатысты пікірлері бір жерден шыққаны түсінікті. Президенттердің ұзақ уақыт әңгімелесуін өзара жақсы қарым-қатынастың айғағы деуге болады. Президент бізге келіссөздің мазмұны барынша бай болғанын және ашық әңгіме түрінде өткенін айтты. Менің білуімше, Владимир Путин Қасым-Жомарт Кемелұлының еңбек жолына шынайы құрметпен қарайды және Қазақстан Президентінің парасат-пайымы мен жан-жақты терең білімі жөнінде жиі айтады.

– Президент Pfizer вакцинасының белгіленген мерзімде жеткізілмегені жөнінде айтты. Компания бұл вакцинаны елімізге жеткізу үшін қандай шарт қойды?

– Қазақстан халықаралық рейтингтегі орны жоғары болуына байланысты Covax бағдарламасына кірмейді. Сондықтан елімізге Pfizer вакцинасын жеткізу жөніндегі коммерциялық келіссөздер ұзақ уақыт бойы жүргізілді. Басқаша айтқанда, Қазақстан гуманитарлық көмек ала алмайды. Шын мәнінде, Мемлекет басшысы жүргізілген келіссөздерге көңілі толмайтынын айтты. Қазір барлық мәселе шешілді. Pfizer компаниясының ұстанымы өте қатаң және бірқатар шарт қойды. Олардың барлық талабы еліміздің мүддесіне сай орындалды. Президент тиісті жарлыққа қол қойды.

– Президенттің антиваксерлерге деген көзқарасы қандай?

– Президент бір сөзінде оларды «қыңыр» деген. Бұл – орынды сын. Антиваксерлер сыңаржақ пікір ұстанып қана қоймай, екпе алуға қарсы белсенді үгіт-насихат жүргізеді. Бұл көптеген азаматымыздың денсаулығына қауіп төндіреді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауруды еңсерудің жалғыз жолы екпе алу екенін бірнеше рет айтты. Бұл – тек Мемлекет басшысының ғана емес, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен барша білікті сарапшылардың ұстанымы.

– Президент мемлекеттік телеарна журналисіне қатысты Алматы қаласы Алатау ауданының әкімдігінде болған оқиғадан хабардар ма?

– Президент аталған оқиғаның мән-жайын өте жақсы біледі. Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл жағдайға қатысты пікірін де білдірген. Журналистердің мүдделері мен құқықтары бұзылмауы керек. Бұл – Президенттің ұстанымы. Сонымен қатар Мемлекет басшысының пікірінше, БАҚ өкілдері де белгілі бір әдеп нормаларын бұзбай, карантин шараларын сақтауға тиіс, сондай-ақ олар қоғамдық орындарда артық эмоцияға бой алдырмағаны жөн.

– Енді өзіңізге оралайық. Президенттің Баспасөз хатшысының жұмыс күні қай уақытта аяқталады?

– Бізде ондай түсінік жоқ. Тәулігіне 24 сағат сақадай сай болуың керек. Сондықтан ұялы телефоным ешқашан қолымнан түспейді. Президенттен келетін хабарламалардың арнайы дыбыстық белгісі бар. Президент тапсырмалары кез келген уақытта, тіпті түн жарымында келіп жатады. Жаңа технологиялардың дамуы, оның үстіне пандемия жағдайы қашықтан жұмыс істеуге әбден шыңдады. Кейде Мемлекет басшысының қызметіне қатысты ақпараттық хабарламаны кешке, тіпті түннің бір уағында жариялауға тура келеді. Мәселен, шетелдік іссапарларда уақыт айырмашылығы қатты байқалады. Дегенмен, akorda.kz сайтымыз бен әлеуметтік желілер арқылы ақпаратты дер кезінде таратып отырамыз. Осы ретте, БАҚ-пен өзара іс-қимыл барысында әлеуметтік желілер тиімді пайдаланылады.

– Жеке өміріңізге уақыт қала ма?

– Әрине, уақыт болады. Бірақ өте аз. Мемлекеттік қызметтен басқа қоғамдық қызмет те бар. Ұлттық спорт түрлерін, әсіресе, құсбегілік өнерді қайта өркендетуге атсалысып жүрмін. Футболды жақсы көремін, сондай-ақ футбол жанкүйерлері лигасының құрметті президентімін. Футбол жанкүйерлері мен журналистер арасында турнир ұйымдастыруға атсалысып, БАҚ лигасына қолғабыс жасаймын. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын ұстануды насихаттауға өз үлесімді қосамын. Демалыс күндері мүмкіндік болса атпен серуендеймін. Мемлекет басшысы Баспасөз хатшысының немесе Президент Әкімшілігіндегі басқа да қызметкерлердің жеке өмірін қадағаламайды. Қасым-Жомарт Кемелұлы аппарат қызметкерлерінің жеке өміріне қатысты әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге көмектеседі. Одан басқа іске қатысы жоқ.

– Еңбек демалысына шықтыңыз ба?

– Әдетте, біздің еңбек демалысымыз Президенттің жұмыс кестесіне байланысты. Ол кісі еңбек демалысына шыққан кезде, біз де демаламыз. Биыл жазда Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында 5 күн демалды. Дәл сол кезде еңбек демалысына шықтым.

– Президенттің кітаптарын оқыдыңыз ба?

– Мен Мемлекет басшысының барлық кітабын оқып шықтым. Кейбір кітаптарды Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан Президенті болмай тұрған кезде оның өз қолынан сыйлық ретінде алу бақыты бұйырды.

– Былтыр маусым айында коронавируспен ауырдыңыз. Дертті қалай еңсердіңіз?

– Былтыр коронавируспен қатты ауырып, жан сақтау бөлімшесінде бірнеше күн жаттым. Жазылып шыққаннан кейін, мүмкіндік болысымен, екпе алдым. Өзімізде, Қарағанды облысында жасалған Спутник V вакцинасын салдырттым.

– Tengrinews.kz ақпараттық агенттігінің жұмысын қадағалайсыз ба?

– Жаңалықтарыңызды күнделікті оқып отырамын. Сонымен қатар көп адам маңызды материалдарыңыздың сілтемелерін маған жолдап отырады. Порталдарыңыз ұнайды. Басқа оқырмандар да менің осы пікірімді құптайды деген ойдамын. Сіздерге табыс тілеймін!

1-бет

ТӘУЕЛСІЗДІК: 2003-2004 жылдар

«Ауыл жылдарының» жариялануын Сыр өңірі асқан қуанышпен қабылдады. Аймақтық «Ауыл» бағдарламасы қабылданып, оны жүзеге асырудың тетіктері іске қосылды. Сол кездегі облыс басшысы С.Нұрғисаев Қызылорда топырағынан түлеген білім, ғылым, саясат, мәдениет және өнер қайраткерлеріне үндеу жолдап, онда «Сыртта жүрген сіздердің атақдаңқтарыңызды көңілге медеу қылып, тілектеріңізді тілеп жүрген ауыл өздеріңізден рухани демеу дәметеді. Сондықтан Сыр бойына келіп, туып-өскен ауылдарыңызға барып, олардың тыныс-тіршілігімен танысып, қалам қуатымен де, ой-өрнектерімен де, болып жатса материалдық жағынан да көмектесуге шақырамын» деді.

2003 жылы тұсаукесері өткен Жосалы терминалы «қара алтын» өндірудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашты. Сол кезде мұнай көлемі тасымал қиындығына байланысты біршама төмендегендіктен, осы жобаның тез арада іске қосылуына түрткі болды. Сондай-ақ осы жылы Сыр өңіріне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы сапармен келіп, «Шапағат ЛТД» ЖШС-да, Қалжан ахун ауылында болып, агросала мамандарымен кездесті.

«Ауыл жылдары» аясында облыста жас мамандарға арнап 1000 үй салу бастамасы көтеріліп, оның алғашқы тұрғындары қоныс тойын тойлады. Қызылордада өткен «Ғасырлар үні» республикалық жыраулар байқауына тек елімізден ғана емес, Башқұртстан мен Тувадан өнерпаздар келді. Сондай-ақ 2003 жылы Арал қаласының іргесі қаланғанына 100 жыл толып, ғасырлық мерейтой Аралдың төл перзенттері мен тілеулестерінің қатысуымен өтті. Қызылорда қаласының орталығында «Қазақтың Қалтайы» атанған Қалтай Мұхамеджановтың, «Құрыш қазақ» Зейнолла Шүкіровтің және «Білем сені, сүйем сені, Сырдың сұлу, қарт анам» деп жырлаған Әбділдә Тәжібаевтің кеңес құрып, әңгіме шертіп отырған бейнелері ескерткішке айналды.

Сондай-ақ 2003 жылы «Қараөзек» арнасының су өткізгіш тоспасы пайдалануға берілді. «Қараөзек» арнасы 1975 жылдан бастап аймақтың ауыл шаруашылығы саласына қызмет жасады. Ол кездегі жоба бойынша гидротехникалық құрылыстың су өткізу мүмкіндігі секундына 50 текше метр еді. Уақыт өткен сайын ескіріп, оны жөндеу мәселесі туындады. Қытайдың геоинженерлік корпорациясы құрылысты халықаралық стандарттарға сай етіп салды.

Ал 2003 жылы Тәуелсіздік күні қар-

саңында облыс жұртшылығы Қызылорда қаласы тұсынан Сырдария өзеніне салынған көпірдің ашылғанына куә болды. Бұл жаңалықты «Сыр бойы» газеті «Көптен күткен қуаныш» деп сүйіншілеп жариялапты. Расында, көпір сол кездегі «Самара-Шымкент» трассасындағы тоғыз жолдың торабына түскен маңызды стратегиялық нысан еді.

Тәуелсіздікке бір мүшел толған 2004 жыл мемлекеттің әлеуметтік саланы оңалтуға қатысты реформаларымен ел есінде қалды. Қазақ елі әлемдік экономиканың бөлінбес бөлігіне айналып, жаһандық бәсекелестік арнасына еркін енуге ұмтылды. Елбасы 2004 жылғы 19 сәуірдегі Жолдауында «Ендігі жерде күн тәртібіндегі мәселе әлемдік қоғамдастықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі туралы болмақ» деп атап көрсетті.

Сол жылы Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстанға ресми сапармен келіп, екі ел басшылары «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдаланудың мерзімін 2050 жылға дейін ұзарту туралы келісімге қол қойды. Осы 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қаулыға қол қойылып, халықтың орасан мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау міндеті айқындалды. Елордада еліміздің басты ғимараты – «Ақорда» атауына ие болған Президент резиденциясының ашылу салтанаты болды. Ғимараттың жалпы ауданы 36 720 шаршы метр. Ол қазақстандық ақ мәрмәр мен малтатасты пайдаланып, озық құрылыс әдістерімен соғылған. Нұрсұлтан Әбішұлы ғимараттың ашылу салтанатында елімізді басқару елорданың жаңа орталығынан жүзеге асырылатынын атап өтті. Сонымен қатар, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Музейі ашылды. Онда 100 мыңнан астам экспонат бар.

2004 жылдың басында Сырдария өзеніндегі су тасқыны халықты әжептәуір әбігерге ұшыратты. Сол кездегі облыс басшысы «Бүгін де бізге тағы бір сын сағаты туды. Облыс халқы табиғаттың стихиялық құбылысына – су тасқыны қасіретіне душар болды» дей келіп, су қаупінің сейілмеуіне, су алып кеткен саяжайларды қалпына келтіруге байланысты «Ағайынды демеген – ынтымақтың белгісі» атты қайырымдылық акциясы басталғанын жариялады. Акцияға тұтас ел жұмылып, қаржы құйды.

Сол жылдың сәуір айында Елбасы Сыр еліне сапармен келіп, облыс әкімі С.Нұрғисаевтың орнына И.Адырбековті тағайындады. 29 сәуірде «ҚазГермұнай» БК «Ақшабұлақ» кенішінен «Ақшабұлақ-Қызылорда» газ құбырын жүргізу басталды. Сыр елі тарихындағы айтулы оқиға – құбыр төсеу рәсімі туралы «Сыр бойында» жарияланған.

Сонымен қатар 2004 жылы Қызылорда қаласындағы бұрынғы «Бумажник» мәдениет үйіне қазақтың Ақбаяны Мәдина Ералиеваның аты берілді. Ал Тәуелсіздік күні қарсаңында Қызылорданың тұрғын үйлері алғаш рет «көгілдір отынға» қосылды. «Сыр бойында» жарық көрген «Міне, талайдан түсімізге енген ілеспе газдың нақты игілігін көзімізбен де көрдік. «Мерей» шағын ауданындағы №19 үйге қосылған газды тұрғындар қуанышпен қабыл алды» деген хабар ұзақ жылдан бері айтылған мәселенің оңтайлы шешімін тапқандағы қуанышты сәтті бейнелейді.

Үш онжылдықтың ішіндегі Тәуелсіздік бесігінде тербелген он екінші және он үшінші жылдардың ең маңызды деген оқиғалары мен жаңалықтары осылар еді.

1-бет

АЛДАБЕРГЕН БИСЕНОВ – 95

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ АҚТАҢГЕРІ

Өмір мен өлке

Бұл өлкеден табаның топырағын көзге сүртерлік небір әулиелер өтті. Сол әулиелердің ірісі – Қамыс әулие. Қай заманда өмір сүргені Құдайға мәлім, әйтеуір, әуелі Алла, Қамыс әулие – тарыққанға жолыққан жебеуші.

Аққұм ауылың сулы, құмды өңірін жайлаған қалың елдің ішіндегі Керейт Қонақбай аталығынан тарайтын Малай да маңайына ықпалды, айтқаны ақ, дегені дұрыс, көреген кісі екен. Сол Малай ата балаларына «Біз қасқыр заманда тудық, сендердің замандарың түлкі болады» депті.

Қызыл өкімет алдымен молданы қуды. Көзі ашық, көкірегі ояу жанның бәрі сәлделі молдадан сауат ашып еді, енді олардың ілімі теріс болып шықты. Сосын ортақ қоғам құрамыз деді. «Ортақ өгізден оңаша бұзауым артық» дейтін халыққа атанның белі бүгілетін жүк артты. Одан өтіп малды, ауқатты адамдарды қуғындады. Абайдың «сұлу аттың көркі – жал, адамзаттың көркі – мал» деген сөзінің мәніне бойлаған жоқ. Қазақтың байлары өз руының жағдайын жасай отырып, тіршіліктің тепе-теңдігін сақтай білген. Міне, осы тепе-теңдік бұзылды.

Сөйтіп, ортақ меншікке негізделген Аққұм әуелі артель, сосын колхоз болып құрылды. Малай көреген айтқан түлкі заман туды. Түлкідей бұлғаңы көп сол заманды қолы құрыштан, белі беріштен жаралған еңбек адамдары қайта түлетті. Бірақ, бұл кейінірек...

Малайдан Жиенбай, одан Ес, Естен Бәйеке мен Бисен дүниеге келген. Бисен де бір рулы елдің алдында жүрген аузы дуалы адамы болған. Шежіре жүйесінде жалғыз-жарымдап келе жатқан Ес ақсақал Бисеннен де тармақталмай қалам ба деген қауіппен: «Балаларым, Қамыс әулиеге түнесеңдерші» деп жөн сілтеді. Сол әулиенің шапағаты тиіп, Естің келіні Сәпия ана 1926 жылы ұл тапты. «Бұл менің Алладан сұрап алған балам» деп атасы оның атын Аллаберген қойды. Алладан ат тонын ала қашқан заманда осындай есімдердің бәрі Алдаберген болып бір әріпке өзгерді. Сол заманда Құдайдың атын айтудан қорыққандарға қос көріндіріп, Бисен атамыз Қамыс әулиенің басында шырақшы болып отырыпты.

Алдаберген жасынан ата тәрбиесін көрді, барлық ойын баласы секілді асыр салып, ой-қырды шапқылап, ашамайға мініп, асық ойнап, туған топырақтың қасиетін бойға сіңіріп өсті. 1944 жылы Шымбөгеттегі сегізжылдықты оқу озаты болып бітіргенде колхоз бастығы менің қасымда жұмыс істесін деп қалап алды. Сол кезде колхозға шот қағып, есеп жүргізетін адам керек еді.

Көп ұзамай он сегізге шыққан Алдаберген әскерге шақырылды, дәлірек айтқанда соғысқа аттанды. «Алланың өзі берген бала, қолдаушысы да бір Алла болсын» деп Бисен қарт дұға жасаумен болды. Дұғаның күші, тағдырдың ісі Алдабергенді елге аман келуге жазды.

1951 жылы туған жерге оралған жеңіс жауынгері бір-екі жыл пошта жұмысында істеп, Қызылордадағы ауылшаруашылығы техникумының механикаландыру факультетіне түсті. Ауыл адамына беріге дейін техниканың тілін түсіну қиын соққан еді. Тракторға май керек десе, әр үйден сарымай жиып келетін кезді де көрді, бұл жұрт. Ол «ХТЗ», «ЧТЗ» деген темір доңғалақты тракторлар шыға бастаған соғыстан бұрынғы кез болатын. Соғыстан кейін де сол техниканы меңгеріп кеткен адам аз, шаруаның теміріннен ағаш арбам жақсы деп тарта беретін кезі. Сондықтан тракторды жөндеп, майлап жұмысқа қосатын МТС-тар ашыла бастады. Соның бірі «Қазақстанның 20 жылдығы», «Жамбыл», «Еңбек» колхоздарының техникасына жауапты «Мәдениет» МТС-іне оқу бітірген Алдаберген механик болып келді.

Оның жанын аямайтын еңбекқештігі, жауаптылығы, трактордың сынып қалған темір шалғысын, тырмасын тауып беріңдер деп отырмай, жоқтан бар, ескіден жаңа жасап жүретін ізденгіштігі қосшыларға да, басшыларға да ұнады. Ұнағасын Алдабергенді өзінің қасына шақыратындар да көбейді. Солардың бірі «Еңбек» колхозының басқарма бастығы Сермахан Тұрабаевтың Алдабергенді аудандық партия комитетінің 1-хатшысы Байбол Сопбековтен колхоздың бас инженерлік қызметіне тікелей сұрауы еді.

Өнертапқыш, өзгеге сенгіш

Содан жас маман бас инженерге айналды. Астына үш аяқты мотоцикл мініп, егіс пен малшылар қонысын кезіп жүріп еңбек етті. Ұйқыдан шала, күлкіден ада күндер оның өз ісіне берік, халық қамына қайым екенін көрсетті. Егіс басында тұрып қалған тракторды өзі жөндеп, маңдайынан тер, қолынан май тамшылап жүретін бас инженерді былайғы жұрт жұмыссыздан айыра алмайтын. Сосын тракторды селкілдетіп айдап кете беретін. Колхоз жұмысы білектінің күшін сарқып, әлсіздің қан сөлін алды. Техника тапшы. Бұрын тракторға тіркелген тырманың басын салмақтап екі ұшына екі адам отырғызатын. Бұл азаптан шөпшілер ат тырмасын оңай көретін. Бұған да бір айла ойлап тапқан бас инженер болды. Ол темір белдіктің астына ағаш табан салып, тырманың бауырын жерден көтерді, жұмысты жеңілдетіп берді. Осы жаңалық барлық шаруашылықта қолға алынып, жаңа тырма облыс орталығынан көптеп жасалып, таратылды.

Мұндай адамды бүгінде өнертапқыш дейді. Патенті, сыйақысы бар. Ол кездегі жалғыз ой шаруашылықтың жұмысы болды. Ешкім Алдаберген тырманың жаңа түрін шығарыпты демеді, «Еңбектің» жаңалығы деді де қойды.

Алдабергеннің маман есебінде шаруашылыққа ендірген тосын әдістері көп. Соның өтеуі шығар, 1962 жылы «Еңбектің» бас инженерін басшылар «Жаңаталап» колхозына басқарма бастығы етіп тағайындады.

Осы жұмыстың қыр-сырына енді қанып, шаруашылықтың су, жол мәселесін шешу керек деген Алдабергеннің алдынан жыл өтпей жатып, кездейсоқ жағдай шықты. Сол жылы СОКП Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Хрущев қоғамдық құрылысты жаңалау деген саясатпен шаруашылықтарды ірілендіру науқанын жүргізді. Соған орай Жалағаш пен Қармақшы ауданы қосылып кетті. «Жаңаталап» қой совхозы болып құрылып, оның директорлығына Шымкенттен келген Бадамбек деген азамат бекіді.

Жер жайын, ел жағдайын білмейтін директор шаруашылықты аздырып-тоздырып бір-ақ тоқтады. Бұл кезде Алдаберген Бисенов басшылардың ұсынымымен Алматыда алты айлық директорлық курста жүр еді.

Сонда Бадамбек Алдабергеннің артынан Алматыға барып, қисайған шаруашылықты өзің түзетіп алмасаң болатын емес деп азар да безер болған. Ел басқару, мал-жанның егесі болу дегеннің ауыр міндет екенін түсінді. Ол осы ұсынысын аудан басшыларына да айтып жеткізді, өзі қызметінен кетті. Ақыры, аудан басшыларының ұйғарымымен Бисенов «Жаңаталап» совхозына директор болып келді.

Жаңа директор келе көпшіліктен «жағдайларыңыз қалай, отбасыларыңызға не нәрсе жетпей жатыр?» деп сұрады. Бұл сұрақ жұртқа «жұмыс неге жүрмей жатыр?» дегендей естілді. Егіншілер су тапшылығын айтты. «Сіз өз үйіңіздің жағдайын айтыңыз, су мәселесін өзіміз шешеміз» деді Бисенов. Директорды дәл осылай сұрайды деп кім ойлаған?! Сонда жұрт шу ете қалды, мұқтаждығының бәрін ақтарды. Осылайша, жаңа директор алдымен тұрғындардың мәселесін қозғады. Біріне отын түсіруге трактор, біріне аудан орталығынан шай-қант алу үшін көлік, ал, біріне еңбегі есебінен ақша бергізді. Директор жиналыста «жағдай түзеледі, барлық жұмысты механикаландырамыз» деген еді. Мехнат шеккен халық механикаландыру деген сөзді естігенде түсініңкіремесе де бір жақсылықтың басы екенін білді.

Дегенмен, техниканың тапшы екені рас-ты. Ал, канал қазатын экскаватор ешкімде жоқ. Директордың ойына МТС-та қирап жатқан экскаватор түсті. Анатолий деген бір орыс болатын. Темірдің тілін адамның тіліндей түсінеді. Сол орысты өзінің совхозына көшіріп алды. Тамағы тойған жерді отаным дейтін қолы алтын орыс еді, соған осы шөмішті тракторды жүргізіп бер деп қолқа салды. Не затының керегін тізімде деді. Екі-үш күн өткесін Анатолий Алдабергенге: «Мұны аяққа тұрғызу үшін мен Красноярскіге барып келуім керек, ол үшін 3 мың сом қажет», – деген. Директор айтқан ақшасына жолпұл деп 500 сом қосып беріп, Анатолийді қияндағы бір өлкеге аттандырып жіберді. Алдым, бердім деген қолхат та сұрамады. Егер Анатолий омырауын оймыштап «сені көрген жоқпын» десе, абыройсыздыққа ұшырар еді. Сөйтіп, шаруашылықтың, ел-жұрттың мүддесі үшін жиған-терген абыройын ата-тегі белгісіз біреудің қолына ұстатып жіберді. Адамға сенудің үлгісі еді, бұл!

Он күннен кейін тонна-тонна темірін пойызға тиеп салған Анатолий келіп тұр! Қолдан құрастырған сол экскаватор Тасарық пен Бозарықтың арасын ақшаңдатып, күллі елді көкке бөлеген су бұлағын сарқыратты.

Талап пен табандылық

«Жаңаталапқа» жаңалық ене бастады. Бұрын 600 гектар шамасында күріш егіп, әрбір гектардан 14 центнерден ғана өнім айналдырған шаруашылық алғашқы жылдың өзінде егісті 1100 гектарға жеткізді. Барлық жағынан тұралаған совхозды қалыпқа түсіру үшін Алдаберген Бисенов төрт жүзден аса егінші мен малшы, жұмысшыны ортақ іске жұмылдыра білді. Кәсіподақ, комсомол ұйымдарының белсенділігін көтерді. Шаруашылықты механикаландырып, жерді тегістейтін, мал қыстауларын жөндейтін арнайы бригадалар ұйымдастырды. Ағаш жонатын, есік-терезе салатын арнаулы цех іске кірісті.

1970 жылы совхоздағы күріш егісінің көлемі 2000 гектарға дейін жеткізіліп, әр гектардан 50 центнердің үстінде өнім алынды. Бұл көрсеткішке сол кезеңде екінің бірі жете алмаған еді. Социалистік жарысқа түскен шаруашылық, өндіріс жұмыстары бес жыл сайын қорытындыланатын, сөйтіп, «Жаңаталап» сегізінші бесжылдықтан 800 мың сомның үстінде таза пайдамен шыққан.

Ел іші болғасын не жағдай кездеспейді. Алайда, ол заманда пәленбай миллион жепті дейтін, артынан ақталып кететін бүгінгі сорақылықтар жоқ. Тек ара-тұра біреу-екеулеп қажетіне алу, тәртіп бұзу дегендер қылаң беретін. Алдаберген жел сөзге ермейді, көзбе-көзге сенеді.

Бір күні директор есік-терезе салатын цехтан әйнек алып бара жатқан үлкен кісінің үстінен түседі. Қарсы жолығып қалған ол қолындағысын қайда қоярын білмей, үйдің терезесі сынып қалып еді депті. Сонда Алдекең: «Мен жұрттың жыртығын бүтіндейді десем, көптің мүлкін үйіңізге тасып жүр екенсіз ғой. Енді цехта жұмыс істемей-ақ қойыңыз», – депті ренжіп. Директор осылайша, шектен шыққандарды күллі ауылға жария қылатын.

Тағы бірде «Еңбек Қызыл ту» орденді елге белгілі ағамыз қарамағындағы екі жас баланы жұдырықтап жұмсағанына көз жеткізген директор: «Бізге адам сабайтын құрметті адам керек емес» деп қызметінен алып тастапты.

Осы бір жағдайлар директор қатал деген сөз қалыптастырды. Шынында, оны шығаратындар – жалқаулар мен қара басын күйттейтіндер. Ал, Алдаберген еңбекші жұртқа өте жанашыр және қамқор. Күрішші Әбдіразақтың көңілі аландап, уайым үстінде жұмысы мандымай жүргенін білген директор қосымша табыс белгілейтін комиссия мүшелеріне: «Жігіттер, Әбдіхалықтың анасы ауырып жатыр. Сіздер оның қосымшасына 15 процент қойыпсыздар. Соны 75 процент қылайық. Түбі сенімізді ақтайтын азамат», – депті. Басқалар бұл сөзге мақұл десіпті.

Біз айтқан әлгі адамдар ауылдағы аяғын қия басатындардың соңы болған сияқты. Бисенов келе жатыр дегенде сымдай тартылатын солар кейін осы оқиғаларды өз немерелеріне өнеге қылып айтыпты.

Осындай тәртіп пен табандылықтың нәтижесінде аяғын аннан-саннан бір басқан совхоз республикадағы үлгілі шаруашылықтардың біріне айналды. Ал, совхоз директоры халықтың құрметіне, үкіметтің қошеметіне бөленді.

Шаруашылық 1970 жылы СОКП Орталық Комитетінің, ВЦСПС-тің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы «Қызыл Туын» жеңіп алды.

1971 жылы бесжылдық жоспарын орындауда аса көрнекті табысқа жеткені үшін «Жаңаталап» совхозының директоры Алдаберген Бисенов КСРО-ның еңбек адамына берілетін ең жоғары атағы Социалистік Еңбек Ері атанып, омырауына алтын жұлдыз тақты.

Алтын баспалдақ

1972 жылы Алдаберген Бисенов Тереңөзек ауданы Қазақстанның 50 жылдығы атындағы совхозға директор болып бекіді. Бұған дейін бұл совхозға Кеңес Одағының батыры Нағи Илиясов басшылық жасаған. Шаруашылықтың мәселесі шашетектен, кемшіліксіз Құдай ғана. Нағидың тұсында да совхозда мал басы есебінен жетіспеушіліктер болған сияқты. Сонда жұрт: «Бисенов нағашылы-жиендікке де қарамайды, көзінен тізіп тұрып түгендетеді, әйтпесе қабылдамайды» депті. Шынында, қасқыр тартқан, ауру алған малдың есебі шықпайды. Алайда, Алдаберген бұл жолы ешкімге түгендеп бер демейді, Илиясовтің де артынан сөз ертпейді. Батырдың батырды құрметтеуі әлгілердің сөзін сап тыяды. Шіркін, сексен үш ай құлшылықтың сауабын берген Қадір түніндей қастерлі көңілдің бағасын білген арыстар.

Бисенов істі егістікті техникамен, ауыл тұрғындарын мәдени қажеттілікпен қамтудан бастайды. Бұл – сол заманның қиын мәселелерінің бірі. Су тапшылығына қарамастан, күрішті сусорғы арқылы егеді. Соның өзімен де 3 мың гектардан 48 центнерден өнім алады. Мал шаруашылығына мүмкін болған барлық жаңалықтарды енгізіп, малды асыл тұқымдандырып, төлді бонитировкалайды, яғни, пайдалы белгілері бойынша бағалаудан өткізіп, сұрыптайды. Соның арқасында ет, сүт өндіру өрістейді.

Бисенов егістің де, малдың да жағдайын жетік біледі. Бір жылы мал азығы аздық етті. Сиырға беретін шөп тапшы, сүт сауу төмендеп кетті, тіпті мал басына қауіп төнді. Сол кезде совхоз директоры ауылдың тайлы-таяғын қалдырмай жантақ оруға шығарды. «Алдеке, жантақ – түйенің асы, осы жасыма дейін сиыр жантақ жейді дегенді естіменпін», – деп ауыл үлкендерінің бірі бұл іске ықылас танытпаған. Дегенмен, тапсырма берілді, орындалу керек. Содан ауыл адамдары сай-сайды түгел жалаңаштап тастады. Қораға жеткен жантақ шөп турайтын машинаға тасталды, оның иір мойнынан бұрқырап жасыл құрақ құлап жатыр. Сиырларың ал, кеп бас салсын. «Жазған, мыналарың жантаққа өш екен ғой» депті сонда әлгі кісі.

Он алты жыл басқарған сол совхозға Алдаберген Бисенов бар жігерін жұмсап, нар күшін сарықты. Совхоз орталығынан жаңа тұрғын үйлер, мәдениет сарайы, сауда орталығы, қонақ үй, тұрмыстық қызмет көрсету нысандары бой көтерді. Көшелер айнадай болып асфальтталып, самаладай жарық тартылып, саялы ағаш отырғызылды. Осы игілікті істі тәуелсіздік жылдары Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев онан әрі жалғап, сән-салтанатын келтірді. Бүгінде бұл ауылда үш батырдың қолының табы, ісінің ізі жатыр.

Күріш егісінің көлемі 3000-3500 гектарға дейін жеткізіліп, жыл сайын орташа өнім 50 центнердің үстінде алынды. Мемлекетке 100-160 мың центнерден астық тапсырылып, 120 мың центнер Сыр салысын сату жоспары артығымен орындалды. Бақша, картоп дақылдарынан алынған өнім де жоғары болды. Мал шаруашылығы саласы да өмір талабына сай жүргізілді. Совхоздың ірі қара фермасындағы асылтұқымды сиыр саны 4000 басқа жеткізіліп, жоспарға сай төл алынды. 3000 басқа арналған сауын кешені салынып, әр аналық сиырдан 3800 литрден сүт сауылды.

Облысқа қайта құру кезеңінде келген Н.Әуелбеков өндіріс орындары мен шаруашылықтардың жұмысына сын көзбен қарап, қатаң еңбек тәртібін енгізген басшы. Сол кісі Қазақстанның 50 жылдығы совхозының жұмысына риза болып, басқалар Бисеновтің тәжірибесін үйренсін деп облыстық семинар өткізген. Ал, 1988 жылы Алдекең зейнетке шыққанда еңбегін бағалаған аймақ басшысы оған облыс орталығынан үй бермекші болған еді. Алайда, Алдекең жанға жайлы, тұрмысы оңай қаланы таңдамады. Өзінің кіндік қаны тамған Аққұм ауылынан ақ шаңқан үй салды. Шаруа дедік, шаршадық, енді ағайынмен араласып, дем алайық деді. Солай дегені болмаса, Алдекең ақсақал зейнет жасында да құс жастықты шынтағына бүктеп жатқан жан емес. Атқа мініп, қыр асып кетіп бара жатады. Егін егеді, үйінің айналасын жап-жасыл саяға айналдырған да Алдекеңнің өзі. Балаларын өнбекке жеткізіп, немерелерін еңбекке баулыды. Құдай қосқан жары Зүбәйра ана екеуі жарты ғасыр бере-келі, құбатөбел тірлікті бірге кешті. Отанасы елу жыл бір әулетке келін болды, екі ене бағып, бірінің көңілін қалдырған емес. Қарттың жолын кеспеген, жастың қолын қақпаған мейірімді кісі ретінде көптің жадында қалды.

Ұл-қыздарының бәрі де елге еңбек етіп, әке даңқын төмендетпей, төрге оздырған азаматтар. Қылышбай Алдабергенұлы Бисеновтің есімі елімізге ғана емес, шет мемлекеттерге де мәлім. Жаңа құрылыс материалдарын өндірудің энергия ресурстарын үнемдейтін технологияларын әзірлеу және жетілдіру жөніндегі ғылыми мектептің негізін қалаушы ғалым-педагог. Техника ғылымының докторы. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Артындағы ізі – немересі Мұрат Бисенов атасының ісін жалғады. Бұл күні ол – «Бақдәулет» шаруашылығының бас директоры. Өз пайдасынан ауылға монша, асхана, дәріхана секілді әлеуметтік нысандар құрылысын салды. Биылғы жыл қортындысында үш үздік күрішшіге жеңіл автокөлік мінгізді.

Міне, артына осындай саналы, бойына халқының қасиетін тоқыған ұрпақ қалдырды.

Туғанына тоқсан бес жыл толып отырған құбатөбел тірліктің құлагеріндей атағы алысқа кетіп, бейнесі барша жұрттың жүрегінде қалған Алдаберген Бисенов – Қазақстанның «Құрмет», «Алтын» кітаптарына енген еңбек адамы. КСРО-ның жауынгерлік және еңбек марапаттарының иесі. Тәуелсіз еліміздің тұсында Жалағаш ауданының Аққұм ауылындағы №38 орта мектепке А.Бисенов есімі берілді.

«Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», – деген еді Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында. Осы мақала бағдарламаға айналды, өйткені, шын мәнінде өткенін құрмет тұтпаған ұрпақ өрге қадам баса алмайды. Ал, Алдаберген Бисенов – кеше мен бүгін арасына алтын баспалдақ болған тұлғалардың бірі.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ТАҒЗЫМ

Еңбек ерінің есімі берілсе

Еңбек ерлерінің есімін, үлгісін насихаттау – бүгінгі ұрпақтың азаматтық парызы. Арал ауданынан КСРО кезінде 16 Социалистік Еңбек Ері шыққан. Олар ел болашағы, қоғам үшін пайдалы еңбек етті. Солардың бірі Мұқыш (Мұқанбетқали) Нұржаубаев «Қарақұм» елді мекенінде туып-өсіп, осында еңбек етті. Қазіргі Қарақұм Одақ кезінде іргелі кеңшар еді. Аудандағы бірнеше шаруашылық осы ауылдан бөлініп шыққан.

Еңбекке ерте араласқан Мұқыш атамыздың жетістігі, шыққан биігі, қажырлы еңбегі туралы айтайын. Ол кісі жылқышы болған. Қыстың үскірік аязында оның қарамағындағы үйірлі жылқының бағым-күтімі ерекше еді. Атам жылқыға күнібұрын өріс әзірлеп, жем-суын дайындайтын. Мал түнейтін жердің айналасына шөптен ықтасын жасап қоятын. Осындай күтімнен кейін болар, оның қарауындағы колхоз жылқысы боранды қыстан қысылмай, шығынсыз шығатын және қоңы төмендемейтін. Кең-байтақ жайылымы бар Қарақұмның даласында жылқы шаруашылығымен айналысудың тиімділігі тағы бар.

М.Нұржаубаев 1947 жылы қажырлы да жемісті еңбегі үшін «Ленин» орденімен марапатталды. Соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде мал басын өсіру, оның ішінде жылқы малын өсіруге зор үлесін қосып, өзіне бекітілген 56 биеден 56 құлын алып отырған. Оны аман өсіргені үшін СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі указымен екінші рет «Ленин» ордені және Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Ол жылдар бойы колхоздың жылқысын бақты, іріленген Абай атындағы колхозда жылқы фермасының меңгерушісі, «Қарақұм» совхозында жылқышы болып істеді. 1958 жылы дербес зейнеткерлікке шықты. Жасы ұлғайғанмен, үйде қол қусырып отыра алмады. Үнемі жылқышылар арасынан табылып, көмек қолын созып, кеңесін аямай, көпжылдық тәжірибесін бөлісетін. Ғұмырының соңына дейін ел өміріне араласып, Қарақұмның гүлденіп, көркеюіне үлес қосты. Оның даңқы Одақ көлеміне белгілі болып, біздің мақтанышымызға айналды. Осыны ескерген басшылар аудан орталығы Арал қаласының басты көшелерінің біріне оның есімін берді.

Ауылда №59 онжылдық орта мектеп бар. Осы мектептен қазіргі ғалымдар, жазушылар, мемлекет қайраткерлері оқып білім алған. Бірақ әлі күнге дейін атауы жоқ. Мектепке Еңбек Ері, 2 мәрте «Ленин» орденінің иегері және Мәскеуде өткен Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысушы Мұқыш Нұржаубаевтың атын беретін уақыт жеткен сияқты.

Қазір атамыздан тараған ұрпақтар осы елде тұрып жатыр. Өзінің бел баласы Жұмабек Нұржаубаев зейнеткерлікке шыққанға дейін зоотехник, ферма меңгерушісі болып қызмет жасады. Қызы Фатима Нұржаубаева осы мектепте мұғалім болып, зейнетке шықты. Немере келіні Рысқал Таңатарова да ұстаздық етті. Қазір Рысқал анамыздың атынан бастауыш сыныптардың үздік оқушыларына арналған арнайы жүлде жыл сайын беріліп тұрады.

Ұрпақтары атынан айтылған ұсынысты халық қолдайды деп үміттенемін.

Темірбек МҰҚАНЖАНҰЛЫ,
немересі

2021 ЖЫЛ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖЫЛЫ

Баланың жан әлемі – ашылмаған арал

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында: «Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды» деп атап көрсеткен болатын. Бұл орайда 2021 жыл – Балалар әдебиеті жылы болып жарияланды. Жартығасырлық ұстаздық жолында бала тәрбиесіне байланысты бірнеше әдістемелік құралдар мен шығармашылық еңбек жазған, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Рахат Наурызбаеваның есімі Сыр жұртшылығына ғана емес, республика көлемінде белгілі. Балалар әдебиетінде өзіндік бедерлі қолтаңбасы бар ардагер ұстазбен әңгімелесіп, тақырыпты тарқатып көрген едік.

– Рахат апай, біз ес білгелі сіздің балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіңіз жайлы хабардармыз. Негізі, бұл бағытқа қалам тартуыңыз қай уақыттан басталды?

– Мен Қазалы стансасында, шаруа отбасында дүниеге келдім. №420 мектептің 7-сыныбын бітірісімен, М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне түсіп, одан соң 1961-1965 жылдар аралығында Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында оқып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алдым. Өмірімнің мәніне айналған ұстаздық жолым осылай басталды. Қатардағы көп мұғалімнің бірі емес, әйгілі ағартушы Ы.Алтынсариншe айтқанда, шәкірт жүрегіне шамнан шырақ жағатын шынайы ұстаз болуды мақсат еттім. Әр жылдары облыс, аудан мектептерінде, М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде, Қорқыт ата атындағы университетте, «Сейхун» академиясында, тағы басқа оқу орындарында дәріс беріп, шәкірт тәрбиеледім.

Иә, енді сауалыңа келсек, ұстаздық етумен қатар, шығармашылық жұмыстармен терең шұғылдануға тырыстым. Әсіресе, орта мектептерде мұғалім болып жүрген кезімде «балалардың білімге деген ынтасын арттыруда не істеуге болады?» деген ой көбірек мазалайтын. Күн сайын өтетін жаңа сабағыма көрнекі құралдар әзірлеймін. Ол да жеткіліксіз сияқты. Ойлана келе, білімімді, тәжірибемді шығармашылықпен ұштастырып, тәрбиелік мәні бар дүниелер жасауды ұйғардым. Осылайша қолыма қалам алып, балалар әдебиетіне бет бұрған едім.

– Шығармашылыққа келген адам бірден еркін көсіліп кете алмайды. Ол үшін кейде біреудің «бәрекелді» деген сөзі керек сияқты болып тұрады. Ал сізге алғаш батасын берген кім болды?

– Иә, рас айтасың, шынында әдебиет деген – өзінше бір телегей теңіз әлем ғой. Сондықтан оған тосыннан келіп қосыла кету оңай емес. Өзім де сондай ойда жүрген болатынмын. Алайда сол 1978 жылы қазіргі «Сыр бойы» (бұрынғы «Ленин жолы») газетінде әйгілі ақын Асқар Тоқмағамбетовтің шығармашылығыма ақ жол тілеп:

«Сәт сапар! Өскелең өмірдің өрен жүйріктері саңлақтанып сарапқа салынып жатыр. Біреу өлең жазып, біреу ән шырқап, өз талантын көптің алдына салуда. Соның бірі – Рахат Наурызбаева. Рахаттың жастайынан өлең жазуға құмар әрі құштар болғандығы көрініп тұрады. Оған мына жас қаламынан туған сәби жырлар куә. Рахаттағы қасиет – іздену, оқу жағы көп. Таланттың талпыну, ізденумен қанаты қатаяды. Сондықтан өзі өмірде ұстаз, өлеңде шәкірт Рахаттың сөз зергері болуды көздеуі көңілге қуаныш ұялатады. Жолың болсын, Рахат қарындас!» – деп пікір білдіруі жастық жалынымды оятып, әдебиетке деген құштарлығымды арттыра түскендей.

– Шығармашылық дүниелеріңіз 1980 жылдан бастап баспадан жарық көрген екен. Осы жайында тарқата айтып беріңізші...

– Иә, ең алғаш 1980 жылы «Жалын» баспасынан «Бастау» атты жыр жинағым жарыққа шықты. Одан соң 1985 жылы «Аққозы», 1993 жылы «Сергек Серік» атты көркем шығармаларым жас оқырмандармен қауышты. «Ана тілі» баспасынан «Үй ішімізбен қазақша үйренейік» қосымша оқулығым, «Атамұра» баспасынан Ш.Құлманова, М.Оразалиева, Б.Сүлейменованың авторлығымен шыққан 2-3-сыныптарға арналған «Музыка» пәні оқулығына «Жыл басы кім болады?», «Аңдардың айтысы» атты музыкалық ертегім мен сюжетті шығармам енгізілді. Сондай-ақ, «Алақаныңда алтын бар» жантану іліміне көмекші оқу құралым, «Алма берсем аласың ба?» атты балаларға арналған суретті кітабым жарық көрді. Бұл еңбектерім сол уақытта үлкен сұраныска ие болып, облыс мектептерінде бастауыш сынып балаларын оқытуда кеңінен қолданылды.

«Білім» баспасынан «Ақ батамен өс, балам!», «Мектептегі сахна сабақтары», «Бастауыш мектепте халықтық тәлім-тәрбие берудің шығармашылық жолдары», «Ғылым ордасы» баспасынан «Сүйімбикенің қоштасу дұғасы», «Әуен әлемінде» сияқты туындыларымның жас мұғалімдердің тәжірибесін толықтыруына көп көмегі тиді деп ойлаймын. Сонымен қатар, «Балалар мен жасөспірімдердің өзіне қол жұмсауының алдын алуда педагоггің рөлі», «Балалар мен жасөспірімдерді эвристикалық әдістермен көркемдік-шығармашылыққа баулу», «Ғажайып әлем» атты кітаптарым да әлі күнге дейін тәрбиелік мәнін жойған жоқ.

Жалпы баланы кішкентай кезінен бастап, қоғамның толыққанды мүшесі болғанға дейін үздіксіз дамытып отыру қажет. Осы тұрғыдан келгенде адамды алға қарай ұмтылдырып, арман-мұратына жетелейтін – шығармашылық ойлау мен іс-әрекет.

– Биыл ел тәуелсіздігіне – 30 жыл. Сіздер кешегі кеңестік идеологияның тәрбие сатысынан өттіңіздер. Осы тұрғыдан келгенде, тәуелсіз елдің ұрпақтарын тәрбиелеуде қандай да бір қиындықтар орын алды ма?

– Өте орынды сұрақ. Иә, әрине, екі бөлек қоғам, оның үстіне 70 жыл салтанат құрған кеңестік кезеңнен кейін егеменді елдің құрылымын қалыптастыру оңай емес екені белгілі ғой. Сол сияқты, тәрбиелік жұмыстар да түгелге жуық жаңа бағытқа қарай өзгерді. Тәуелсіз елдің ұрпақтарын тәрбиелеуде туған өлкеміздің тарихын тереңірек танытып, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау мәселесі басты орында тұрды. Осыған дейін ұмыт бола бастаған салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз қайта оралып, білім, мәдениет саласының жаңа тынысы ашылды.

Дәл қажетті тұсында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ақпарат кеңістігінде кеңінен насихатталып, алдағы бірнеше жылдарға арналған идеологиялық жоспарға арқау болды.

Әңгімелескен
Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Сырда туған сырлы ақын

Қасиетті Сырдың бойы – қазақ өнерінің қарашаңырағы және ортаймас ордасы. Бұл киелі өлке ұлт өнерін асқақтатқан талай дүлдүлдер мен жүйріктерді, айтыскер ақындарды дүниеге әкелген.

Айтыс – халықтың рухы ғана емес, сонымен қатар идеологиялық тәрбиенің өткір құралы. Сыр бойындағы ежелден жасалған жыр теңізі шегіне көз жеткізбейтін жауһарлар. Қызылорда облысы өлеңді өнердің пірі тұтып, басқа қонған бақ, абырой санап, оны құрметтеп, табиғат сыйлаған талант қуатымен аламан бәйгеге қосқан тұлпарлардай бір-бірімен жарысып, жақсы өлең туындату жолында жыр додаларына түскен өзінің импровизатор ақындарымен әйгілі. Олар – педагогика мен айтысты ұштастырған Нартай Бекежанов, Әбілда Жүргенбаев, Мұтәліп Қыраубаев, Манап Көкенов, Замаддин Ибадуллаев, Серік Өтеуов, Бибігүл Жаппасбаева. Осындай өнер бәйгесінде суырылып алға озып, дарындылығымен көзге түскен, есімі ақындар айтысының тарихынан өзіндік орын алып, жырсүйер жұрттың жадында қалған Бибігүл Жаппасбаеваның жеке тектік құжаттары Қызылорда облысының архив қорында сақтаулы.

Бибігүл Жаппасбаева 1951 жылы 5 сәуірде Өзбекстан Республикасы Самарқанд облысы Катта-Қорған ауданы Бейсенбі қыстағында дүниеге келген.

Бибігүл Шиелі ауданы Бәйгекұм станциясындағы №401 М.Әуезов атындағы орта мектепті бітірген соң, Қызылорда қаласындағы №8 кәсіптік-техникалық училищесіне оқуға түседі. Оқуды бітіргеннен кейін, қаладағы целлюлоза-картон зауытында краншы болып еңбек жолын бастайды.

Бала күнінен өлеңге деген құштарлық Бибігүлді айтыс сахнасының төрінен бірақ шығарды. Бибігүл Жаппасбаева 1986 жылы 30 қазанда алғаш сахна төріне үкілі домбырасымен, сырлы сөзін, сазды әуенін төгіп, облыстық жас ақындар айтысында II орын иеленді. Ол 1987 жылы облыстық ақындар айтысына, 1988 жылы сәуірде республикалық телевизиялық Шымкент, Жезқазған, Қызылорда облыстарының ақтық айтысына және облыстық табиғат қорғау айтыстарына қатысып, халықтың ыстық ықыласына бөленді. 1989 жылы Ақтөбеде өткен Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығында I орын, 1990 жылы Шымкент қаласында өткен Майлықожаның 155 жылдығы, Ақтөбеде өткен Нұрпейіс Байғаниннің 130 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысында өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Алматы қаласында өткен Халықаралық ақындар айтысында Құрмет грамотасымен, Өзбекстан Республикасында өткен облысаралық ақындар айтысында дипломмен марапатталды.

Айтыскер ақын 1989 жылы Н.Бекежановтың 100 жылдық мерейтойында бір топ өнерпаздармен Қарақалпақ Республикасында «Нартай салған ізбенен» атты экспедицияға қатысады. Айтысқа қоса жазба ақындықпен айналысқан Бибігүлдің «Туған жер», «Сағыныш», «Қазақтың аңыз қызына», «Анама», «Қорғалсын біздің балалар», «Ана тілегі» атты өлеңдері мен көптеген шығармалары, қолжазбалары баспасөз беттеріне жарияланды.

Кеңестік заман тұсында айтыс дәстүрінің сөне жаздаған шырағын қайта жандырған, халықты асыл өнермен табыстырған ақын қыздарының бірі Бибігүл Жаппасбаеваның өмірі мен шығармашылығы туралы архив құжаттары осылай сыр шертеді.

А. БАЙМЕНОВА,
архив құжаттарын пайдалану және жариялау бөлімінің 2-санатты палеографы

Жарамсыз деп есептелсін

«Кожбан» ЖК-ның (ЖСН 830720302816) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жоба

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы №401 «Қызылорда облысының жастар форумы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 401 «Қызылорда облысының жастар форумы туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5488 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысының жастар форумын дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру комитетінің құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысының жастар форумын өткізу қағидасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ә. Ахметке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбдіқалықова

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«КЕЛІСІЛДІ»
«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры

«КЕЛІСІЛДІ»
«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «__»_____ № ____
қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы 28 наурыздағы № 401 қаулысымен
бекітілген

Қызылорда облысының жастар форумын дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – ұйымдастыру комитеті) құрамы

Қызылорда облысы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасары, ұйымдастыру комитетінің төрағасы;

«Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы), ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары;

«Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы (немесе міндетін атқарушы), ұйымдастыру комитетінің хатшысы;

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ректоры (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры (немесе міндетін атқарушы).

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «__»_____ № ____
қаулысына 2-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы 28 наурыздағы № 401 қаулысымен
бекітілген

Қызылорда облысының жастар форумын өткізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда облысының жастар форумын өткізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және өңірлік жастар форумын өткізу тәртібін айқындайды.

2. Қызылорда облысының жастар форумы (бұдан әрі – Форум) – жергілікті атқарушы органдар мен жастар арасындағы өзара іс-қимылдың өңірлік деңгейін қалыптастыру мақсатында өткізілетін жастар өкілдерінің форумы.

3. Форум өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ, осы Қағиданы басшылыққа алады.

2. Форумның мақсаты, міндеттері және функциялары

4. Форумның мақсаты мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелерін талқылау бойынша мемлекеттік органдардың жастарымен және жастар ұйымдарымен диалогы мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылады.

5. Форумның өңір деңгейіндегі негізгі міндеттері:

1) жергілікті атқарушы органдардың жастарымен, жастар ұйымдарымен диалогын және өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелерін талқылауды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

6. Форумның негізгі функцияларына:

1) жергілікті атқарушы органдар мен жастар ұйымдары өкілдерінің мемлекеттік жастар саясатын іске асыру барысы туралы есептерін тыңдау;

2) республикалық жастар форумына қатысу үшін жастар, жастар ұйымдары қатарынан Қызылорда облысы бойынша делегаттарды сайлау;

3) жергілікті атқарушы органға, сондай-ақ, республикалық жастар форумының қарауына мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсынымдар енгізу жатады.

3. Форумның өту тәртібі

7. Форумды дайындау және өткізуді ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

8. Форумды жергілікті атқарушы орган екі жылда кемінде бір рет шақырылады.

9. Форум екі кезеңде өтеді:

1) дайындық кезеңі – бұл кезеңде облыстағы Форум делегаттарының сайлауы өтеді;

2) негізгі кезеңі – өңірлік форумды өткізу.

10. Өңірлік жастар форумы аудандық (облыстық маңызы бар қала) және облыстық деңгейлерде өтеді.

11. Форумда шешім қабылдау Форум делегаттарының ашық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

12. Форумның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

4. Форумда жастар өкілдігін қалыптастыру

13. Форум делегаттарының құрамын қалыптастыру аудандарда (облыстық маңызы бар қала) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен әділет органдарында тіркелген жастар ұйымдарының қатысуымен сайлау арқылы өтеді.

14. Форумға аудандардың (облыстық маңызы бар қала) жастары және жастар ұйымдарының өкілдері қатысады.

15. Делегациялардың сандық құрамы Қазақстан Республикасы жастарының жалпы санынан әр ауданның (облыстық маңызы бар қала) жастары санының пайыздық арақатынасына байланысты қалыптастырылады. Форумға қатысу үшін саяси партиялардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, жастар ресурстық орталықтарының, оқу орындарының, мүдделі мемлекеттік органдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Форум делегаттарының жалпы санының жиырма пайызынан аспайтын көлемде қосымша шақырылады.

5. Қорытынды ережелер

16. Форумда қабылданатын шешімдер ұсынымдық сипатта болады.

17. Форумда қабылданған ұсынымдар тиісті хаттамамен ресімделеді және жергілікті атқарушы органының, сондай-ақ, республикалық жастар форумына қарастыруға жолданады.

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ КҮНІ

Электр энергиясыз әлем не болар еді?

Қазіргі мағынасындағы мемлекет, шекара ұғымы мүлдем жойылып, оның орнына басқа критерийлер бойынша бірігу басталады. Ең маңызды критерий өзара тиімді ресурстар алмасу болмақ. Адамдардың жылы аймақтарға жаппай көшіқоны басталады.

Осылайша, бүгінде біз үшін ауа жұту сияқты қалыпты нәрсеге айналған электр энергиясы лезде жоғалып кетсе, өркениеттің дамуы күрт төмендеп, кем дегенде 500 жыл бұрынғы деңгейіне түседі екен. Мұнай қаншалықты құнды, маңызы жоғары болса да, электр энергиясынсыз адамзат тарихи прогресті қайта бастауға мәжбүр болар еді.

Мұны айтпағанда, адам ағзасындағы энергияны жоғалту депрессияға бастайды. Жалпы алғанда, оның сарқылуы адамның физикалық және эмоционалдық денсаулығына теріс әсер етеді, өмір сапасын нашарлатады.

Қазір адамдар электр қуатының әлдеқайда маңызды екенін ерекше сезіне бастады. Соның бір айғағы – бүгінгі Халықаралық энергия үнемдеу күні. Бұл күнді бекіту туралы шешім 2008 жылы сәуірде Қазақстанда өткен SPARE үйлестірушілерінің халықаралық кеңесінде қабылданған. Ал 2008 жылдың қарашасында әлемде бірінші рет Энергия үнемдеу күні атап өтілді.

Аталған күн халықаралық мәртебеге ие. Бұл жобаға қатысуға шамамен 20-ға жуық ел ниет білдірген. Негізгі мақсаты – ресурстар мен энергия көздерін тиімді пайдалану үшін билік пен қоғамның назарын аударту.

Әлемдік экономика мен халық санының өсуіне байланысты энергияға деген қажеттілік артып отыр. Мысалы, кейінгі ширек ғасырда жалпыәлемдік оны тұтыну 56%-ке артқан. Қазіргі уақытта энергия тиімділігі – әлемдік экономиканың басты тренді, ол экономиканы технологиялық дамытудың, жаңғыртудың және әртараптандырудың барлық аспектілерін, ең бастысы, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігінің өсуін қамтиды.

«Жасыл экономикаға» жүйелі көшудегі басты ұстаным – энергия тиімділігі. Қазіргі уақытта ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығының көрсеткіші бойынша Қазақстан неғұрлым жоғары көрсеткішке ие елдердің қатарында. 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында Қазақстан ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын 2025 жылға қарай кемінде 25%-ке төмендетуі жөніндегі міндет айқындалған.

Қазіргі уақытта еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – энергия үнемдеу және тиімділігін арттыру. Бұл сала әлемдік энергия тұтынудың өсуі және «жасыл экономикаға» көшу қажеттілігі жағдайында басым бағыттардың бірі болып қала береді.

1-бет

«Қазгермұнай» БК» ЖШС ұжымы Мұнай және газ өндіру департаментінің кезекші электромонтері
Сымайыл Арманның
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.
***

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы мен білім алушылары ХБ-19-1 оқу тобының студенті, оқу озаты, мемлекеттік грант иегері
Зитта Сәкенқызының
өмірден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазына қайнарынан қанып ішкен

«Едіге батыр» жырын жатқа айтудан 6-10 сынып оқушылары арасында өткен додаға қатысушылар мектеп бағдарламасы бойынша қазақ әдебиеті пәнінен қосымша сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Байқауға «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ләйлә Төрешова, облыстық білім басқармасы басшысы Ақзира Қасымова, жазушы, журналист, партияның облыстық филиалы жанындағы «Miras» аймақтық қоғамдық кеңес мүшесі Қаршыға Есімсейітова, тарих ғылымдары кандидаты, аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Уәлихан Ибраев, филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры Үлжан Жанбершиева, жырау, Қармақшы аудандық «Жыраулар үйі» директорының орынбасары Бидас Рүстембеков, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» директорының орынбасары Мақсат Дауылбай қазылық етті.

1-бет

Облыстық кезеңде оқушылар алдын ала өткізілген жеребе бойынша 12 жұпқа жұптасып, өнер көрсетті. Нәтижесінде I орынды Қазалы ауданы №170 орта мектептің 10-сынып оқушысы Гауһар Әзен (дайындаған мұғалімі – Жадыра Көшекбаева), II орынды Қазалы ауданы №170 мектептің 6-сынып оқушысы Гүлназ Жеңісбек (мұғалімі – Балагүл Орынбаева) иеленді. Ал, III орынға Арал ауданы №73 мектептің 10-сынып оқушысы Қарақат Берікқызы (мұғалімі – Нұрсұлу Ибраева) лайық деп танылды.

Жеңімпаздарды облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова құттықтады.

– Аймағымызда биыл екінші рет ұйымдастырылған шоқтығы биік, мағынасы зор шаралардың бірі әрі бірегейі – «Qazaq Epos» республикалық ағарту жобасы «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауының облыстық кезеңінің марапаттау сәті өткелі отыр. Республикалық деңгейде ұйымдастырылып жатқан ұлттық жобаға еліміздің аймақтары ішінде алғашқылардың бірі болып тағы да Қызылорда облысының әкімдігі айрықша қолдау көрсетті. Сыр өңірі елдікті, отансүйгіштікті насихаттайтын, жастарды рухани дүниемен рухтандыратын шараларға ешқашан бейжай қараған емес. Бала тәрбиелеуде батырлар жырын оқыту – қайта қолға алынып, жаңғыртылуы игі бастама. Біз тек атадан қалған сырлы сөздермен, үлгімен ғана рухани түлеп, саналы түрде жаңғырамыз, – деді Б.Шәменова.

Облыстық кезеңде үздік шыққан I орын иегеріне 750 000, II орынға 350 000, III орын үшін 200 000 теңге қаржылай сый берілді. Жеңімпаз оқушылардың мұғалімдеріне де сый қарастырылған: I орынға 1 500 000, II орын иегеріне 700 000, III орынды еншілеген қатысушының мұғаліміне 400 000 теңге берілді.

Айта кетейік, байқаудың аудандық-қалалық кезеңіне 713 оқушы қатысып, солардың арасынан іріктеліп шыққан 24 оқушы облыстық кезеңге жолдама алған. Аудандық-қалалық кезеңде I орын еншілегендерге 150 мың, II орын 100 мың, III орын иегерлеріне 50 мың теңгенің сертификаты табысталған болатын.

Дәстүрлі олимпиада өтті

Қармақшы ауданы орталығындағы А.Жанпейісов атындағы №105 мектеп-лицейде жоғары сынып оқушылары арасында математика пәнінен дәстүрлі олимпиада өтті. Бұл білім додасы ардақты ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Үсен Қошалақовты еске алуға арналды.

Sb Дәуіржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында туған жерінің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан перзенттерін келер ұрпақ біліп өсуі тиіс деген болатын. Үсен Қошалақов (1917-1989) – Отанына қалтықсыз қызмет еткен жан. Соғысқа дейін Алматыдағы жоғары мектепті бітіріп, Зайсандағы педагогикалық училище директоры қызметін атқарған. Батыстан соғыс өрті тұтанғанда Отан қорғауға офицер шенімен аттанып, ә дегеннен дивизиясымен бірге түгелдей жау тұтқынына алынған. Қиын-қыстау кезеңде ол туған халқының азаттығы үшін күресуге бар ғұмырын арнаған саясаткер, қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың пікірлесі болады. Ол – кеңестік қауіпсіздік органдары «Отанына опасыздық жасады деп дәлелсіз айыптаған 49 адамның бірі. 1945 жылы сол 49 тұтқынның 8-і ату жазасына кесілген. Жеңістің алғашқы жылын атап өту қарсаңында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен рақымшылыққа ілініп, 25 жылға сотталған. Елге 1956 жылы оралып, аудандағы кешкі мектепте математика пәнінен сабақ береді. Кейін №105 мектепте ұстаздық қызметін жалғастырып, осы жерден зейнетке шығады. Ғибратты ғұмыр кешкен соғыс ардагері зайыбы Мадина Толыбековаменмен бірге 5 ұл тәрбиелеп, өскелең ұрпаққа өмір бойы қызықты пәннің қыр-сырын меңгертті. Жастарға сапалы білім, саналы тәрбие берді. Қазіргі таңда шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде.

Айта кетейік, аудандық олимпиада биыл 14-мәрте ұйымдастырылып отыр. Оған аудандағы 29 білім беру ұйымынан 100-ден астам озық ойлы өрен қатысып, бақ сынады. Білім бәйгесі 8-11 сынып оқушылары арасында өтті, биылғы сайысқа Жалағаш ауданының математик ұстаздары қазылық етті. Жас білімгерлердің сайысын қорытындылау жиынына аудан әкімі Қайрат Нұртай қатысып, жеңімпаздарды құттықтады. Білім саласының ардагері Дәмелі Жалғасбаева ардагердің өмір жолынан естелік айтты.

Аудандық білім бөлімі ұйымдастырған олимпиаданың мақсаты – ағарту саласының дамуына айтулы үлес қосқан тұлғалы азаматтың тағылымды ғұмырын, еңбек жолын насихаттау, талантты балаларды айқындау. Үсен Қошалақов атындағы математикадан дәстүрлі XIV аудандық олимпиадада жүлделі I орынды №277 мектеп командасы иеленсе, келесі орындарды №105 мектеп-лицей мен №183 орта мектеп командасы еншіледі. Жеңімпаздар мен жүлдегер командаларға дипломдар мен естелік сыйлықтар тапсырылды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Иә, ол кезде 20-21 жаста екенбіз. Қазақ ССР-нің астанасы – асқаралы Алатаудың бөктеріндегі ару да әсем қала Алматы. Ызғарлы да өткір желі жауырыннан өткен 1986 жылдың 17-желтоқсаны.

Отыз бес жыл маза бермеген ой

Мен сол кезде Алматы мемлекеттік медицина институтының 4-курс студентімін. Институт активистері таңертең ерте келіп, түнде жанжал басталғаны туралы түсіндірді. Қолымызға қызыл матадан таңғыш тағып, көтеріліс жасап жатқан жастармен байланысқа шығып, тәртіпке шақыру туралы айтты. Орталық алаңға қарай беттедік. Сол сәтте темір жол вокзалы жағынан үлкен көшемен мыңдаған адам ұрандар жазылған плакаттары бар, сап түзеп келе жатты. Алып барған институт активистері тобымызды шарасыздықтан таратып жіберді. Әрі қарай жастармен бірге Л.Брежнев атындағы алаңға барып, Д.Қонаевты орнынан алып, соған наразылық білдіріп жатқанына куә болдық.

Түс ауа сабақтан қайтқан соң бір жағы жастық, қызығушылықпен бір бөлмеде тұратын жігіттер Айдар, Ерлан, Ғабит алаңға келді. Онда халық алғашқыда аздау еді. Көбі – жастар, студенттер мен жұмыс жасайтын жастар, тек қана қазақ ұлты өкілдері.

Кешке қарай алаң халыққа толды. Бастапқыда бейбіт митинг болды, ОМОН-ы бар, милициясы бар, қару жарақпен қоршап, Үкімет үйіне қарай халықты жібермей тұрды. Алаңның біз тұрған жеріне Роза Бағланова келіп, жастарға ақылын айтып, шерудің бейбіт түрде өту керек екенін түсіндіргенін көрдім.

Қазақ жастары ұлттық намысымызды қорғау, өзіміздің ұлттан да ел басқара алатын адам бар екенін айту үшін шеруге шықтық. Бірақ, шынын айтсақ бізді тыңдайтын ешкім болған жоқ. Сосын алғы шептен жанжал шыға бастады. ОМОН-дар дубинкамен қолында дымы жоқ жастарға қол көтергесін басталды бәрі. Ұрып-соғу, ұл-қыздарды қолдарын артқа қайырып, қыздарды шаштан сүйреп автобустармен әкетіп жатты. Қазір еске алсам, жастар үлкен қарулы топпен бетпе-бет кездескен екенбіз. Бізге қарсы өрт сөндіргіш машиналар да жұмсалды.

Ұсталғандардың арасында біздің Ерлан Балғожин да кетті. Оны «Целинный» кинотеатрының қасындағы Калинин аудандық милиция бөліміне адам сыймаған соң, Сейфуллин-Мәметова қиылысындағы СИ-1-ге жеткізген. Екі күн түнетіп, тергеп, үшінші күні қараңғы түсе сол каталажкамен Абай көшесіндегі стадион аялдамасына әкеліп тастапты (мұны келген соң өзінен естідік).

Абырой болғанда, біразымыз ұстатпай қашып кеттік. Түннің бір уағында үстіміз бүлініп, жарақаттанғанымыз бар, жатақханаға жетіп, ертеңіне алаңда жиналуға уәделестік. Желтоқсанның 18-і күні түске дейін институтқа сабаққа, түстен кейін алаңға тағы бардық. Алматы зоо-ветеринарлық институтында оқитын ауылдас ағам Ідіріс Аяповты жолдастарымен көрдім. Бұл күні де кешегі оқиғалар қайталанды. Фурманов көшесі бойымен «Елім-ай» әнін айтып, алаңға жақындадық. Бірақ алаң қоршауда, кіре алмадық.

Сол күні бөлмелес ағамыз Айдар Қожабергенов жарақат алып, төрт тісі сынып, бір түн жоқ болып кетіп, аман-есен оралды. Алаңда болған сұмдық оқиғаны қатысып, көзімен көргендер біледі (қайталап айтып, жаза беру керек емес деп ойлаймын). Бейбіт шеруге шыққандарды күшпен жаншып, басқаннан кейін, өздерін ақтап қалу үшін, билік «жастардың бұзақылық әрекетіне» қатаң саяси баға беріп, көпшілік алдында жазалауды жаппай талап ете бастады.

Сөйтіп, әділет іздегендер құдалауға ұшырады. Митингке қатысқандарды іздеу, тергеу жұмыстары басталды. Бәрі «халық жауы» көретін бізді. Жауапқа тартылғанғандардың көпшілігі – ұсталғандар мен алыстан бейнекамераға түсіп қалғандар. Ұсталған жігіттерді КГБ қызметкерлері келіп, лекция үстінен фамилияларын атап тұрғызып, тергеуге алып кететін. Қоғамдық тәртіп бұзды деп Ерлан Өміртайұлы, Төлебай Айнабеков, Болат Тастамбеков алдымен комсомолдан, сосын институттан шығарылды. Бірақ олар жазықсыз жапа шеккен еді.

Қазақтың басына мұндай зобалаң енді келмесін. Менімен осы көтерілісте бірге болған және зардап шеккен Алматыдағы курстасым әрі бөлмелес ағамыз Айдарға, курстасым Төлебайға, атыраулық досым Ерланға мықты денсаулық тілеймін. Маркұм болып кеткен курстасымыз Болатқа иман байлығын берсін, көрмеген қызығын жары Закида ұлы Дәулетпен бірге көргей.

Қазақтың ақиық ақыны Мұхтар Шахановтың көмегімен Ерлан дос институтқа қайта қабылданып, бітіріп, дәрігер қызметін абыроймен атқарып жүр. Желтоқсан оқиғасы біздің шын мәнінде ұлттық ділімізді ұштай түсті, қазақ ұлтының бірлігін аңғартты. Бүкіл бодан ұлттардың санасын оятып, қазақ қыз-жігіттерінің намысын көтере білді. Оған қатысқан азаматтарды толығымен анықтап, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе екен. Тәуелсіздіктің 30, Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына байланысты осы кезге дейін еленбей және көтеріліске қатысқаны дәлелденбей жүрген азаматтардың көтеріліске қатысқаны дәлелденіп, қатысушы мәртебесі (куәлігі) берілсе деймін.

Оңдаш ЖҰМАШҰЛЫ,
Желтоқсан оқиғасына қатысушы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Байқау

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы» газеті ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай шығармашылық өкілдері арасында «Ордалы отыз жыл» байқауын жариялайды.

БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

Байқаудың мақсаты:

Қаламгерлер шығармашылығының дамуына қолдау көрсету;

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын, осы уақыт аралығындағы еліміз жеткен жетістіктерді, тарихи оқиғаларды кеңінен ақпараттандыру.

Қатысушыларға қойылатын талаптар:

Байқауға қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды.

Туындыларға қойылатын талаптар:

Тәуелсіздіктің 30 жылындағы Қызылорда облысының жетістіктерін насихаттау;

Отанға, туған жерге, елге сүйіспеншілікті көрсету;

Тақырыптың маңызын толығымен ашу;

Нақты ақпараттарды пайдаланып, өз пайымын білдіру;

Оқырманға эмоционалды әсер етуін ескеру;

Интернет, әлеуметтік желіден көшірілмеуі тиіс.

Сыйлықтар төмендегідей номинациялар бойынша тағайындалады:

«Үздік мақала»;

«Үздік сараптама»;

«Үздік сайт материалы»;

Поэзия жанрына Әскербек Рахымбекұлы атындағы сыйлық;

Проза жанрына Айжарық Сәдібекұлы атындағы сыйлық.

Әр номинация жеңімпазы бағалы сыйлықпен марапатталады.

ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Шығармалар 2021 жылдың 1 қыркүйек күнінен бастап 2021 жылдың 10 желтоқсанына дейінгі аралықта қабылданады.

Байқау қорытындысы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесі қарсаңында жарияланады.

СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

Байқауға қаламгерлердің қазақ тіліндегі шығармалары қабылданады.

Авторлық жұмыстарға қойылатын талаптар:

– байқауға авторлардың бұрын еш жерде жарияланбаған шығармасы ғана қабылданады;

А-4 форматында, 14 көлеміндегі Times New Roman шрифтімен терілуі керек. Мәтіннің көлеміне қойылатын шектеу:

Ұсынылатын материалдар көлемі 7 беттен аспауы керек.

Байқауға қатысушының өзі туралы мәліметтері – аты, тегі, әкесінің аты, туған жылы, тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары, e-mail көрсетілуі керек.

Байқауға қатысуға өтінім бере отырып, автор:

өзінің авторлығын растайды;

Ұйымдастырушыларға шығармаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға рұқсатын береді;

Қабылданған шығармалар «Байқауға» айдарымен газет бетінде жарияланады және қайтарылмайды.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

Материалдарды бағалау және жеңімпаздарды анықтауды серіктестік өкілдерінен жасақтаған қазылар алқасы жүзеге асырады;

Байқауға ұсынылған жұмыстарды бағалау кезінде шығарманың өзектілігі мен автордың ойлау дербестігі, ұстанымы, баяндау реттілігі мен мағыналылығы, идея ерекшелігі, әдеби-көркем құндылығы, эстетикалық әсер тереңдігі басшылыққа алынады.

Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

Қалқабай Әбенов атындағы байқауға қатысыңыз!

Облыстық «Сыр бойы» газеті мен Қ.Әбенов атындағы қоғамдық қоры ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Қалқабай Әбенов атындағы «Тәуелсіздік толғауы» байқауын жариялайды.

Жалпы ереже

Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

Байқаудың ұйлестірушісі және ұйымдастырушысы – «Сыр медиа» ЖШС.

Байқаудың мақсаты:

Жас журналистер шығармашылығының дамуына қолдау көрсету, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерді насихаттау.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:

Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.

Байқауға Тәуелсіздік жылдарындағы елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуы, жастар саясаты, ұлтаралық татулық, жалпы, қоғамның бет-бейнесі туралы талдау, зерттеу тұрғысындағы еңбектер, тың тақырыптар (қазақ және орыс тілдерінде) жіберіледі.

Байқауға бұрын-соңды баспа бетінде жарияланбаған, ал, телеарнада тек байқау кезеңінде эфирден өткен материалдар жіберіледі.

Байқауға жасы 35-ке дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер, блогерлер, журналист-фрилансерлер қатыса алады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бойынша 2 не 3 материалын әрқайсысы 3 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Сондай-ақ, телеарна тілшілері еңбектерін бейнетаспа түрінде ұсына алады. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылуы, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі есепке алынады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, syrboyi@yandex.kz электрондық поштасына мынадай құжаттарды қоса жібереді.

– Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

– жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3х4 суреті.

– байқау материалының қағаз нұсқасы және бейнетаспа.

Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды. Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқауды өткізу және қорытындысын шығару тәртібі:

Байқау үш кезеңнен тұрады:

– 2021 жылғы 10 қыркүйек пен 26 қараша аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

– 2021 жылғы 26-29 қараша аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

– 2021 жылғы 2 желтоқсан байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары Қалқабай Әбеновтің ұрпақтары атынан бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Газет материалдары бойынша:

I орын – ноутбук

II орын – смартфон

Телевизиялық материалдар бойынша:

I орын – телевизор

II орын – смартфон

Блогер, журналист-фрилансерлерге:

I орын – ноутбук

II орын – смартфон

Ұйымдастыру комиссиясы

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26175 | Тапсырыс №1642 | Кезекші редактор Ержан ҚОЖАСОВ